

ғылыми-әдістемелік журнал научно-методический журнал

СОҚПАҚ

Тропинка

№3 (116) маусым 2025 жыл

«Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: есітіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады...»

19 қара сөзінен



180 жыл **АБАЙ**
ҚҰНАНБАЙҰЛЫ

-  tourism07.kz
-  Evrasia_centre@mail.kz
-  [instagram.com/tourism07.kz/](https://www.instagram.com/tourism07.kz/)
-  www.facebook.com/tourism07.kz/



Құрметті оқырмандар, Батыс Қазақстан облысының әкімдігі білім басқармасының балалар мен жасөспірімдер туризм және экология облыстық орталығының ұжымы!

Сіздермен «Соқпақ-Тропинка» ғылыми-әдістемелік журналы арқылы жүздесіп отырмыз. «Білімдіден шыққан сөз, Талаптыға болсын кез» деген өсиеті осы журналдың мазмұндық өзегіне айналғандай. Журнал әр саны ұрпақтың ізденісіне демеу, мұғалімнің әдістемелік серігі, өлкетанушының сенімді тірегі бола білді. Осы журналдың үнемі оқырман талғамынан шығып, білімін шыңдап келе жатқан Батыс Қазақстан облысының әкімдігі білім басқармасының балалар мен жасөспірімдер туризм және экология облыстық орталығының 65 жылдық мерейтойымен және журналдың 20 жылдық мерейтойымен Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы ұжымының атынан шын жүректен құттықтаймын!

Журналдың осы саны халқымыздың ұлы тұлғасы Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арнау – үлкен рухани мәнге ие қадам екенін атап өткіміз келеді.

Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы – ұлы тұлғаның өмірі мен шығармашылығын ғана емес, оның рухани-танымдық мұрасын ұрпақ санасына сіңіруге қызмет ететін киелі орын. Биылғы жылы қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлының 180 жыл, киелі қарашаңырақтың құрылғанына 85 жыл толып отыр. Абай облысы ұлылар туған жерінде орналасқан музейімізге жыл сайын 100 мыңнан астам турист келеді. Абай облысы Семей қаласы, Абай, Мақанишы аудандарында қанат жайған музейдің 10 бөлімі халқымызға қызмет етіп келеді. Музей қорында 22 мыңнан астам музей заты, ғылыми кітапханасында 16 мыңнан астам кітап қоры сақталған. Біз үшін бұл басылымның биылғы санын Абайдың 180 жылдығына арнауы – тарих пен таным арасындағы сабақтастықты терең сезінудің айғағы.

Хакім Абай: «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады» деп кез келген ұлт пен ұрпақтың ілгері басар жолын көрсетіп берді.

Бүгінгі таңда осы асыл мұра жастарды тәрбиелеуде, саналы көзқарас қалыптастыруда, елін сүйген ұлтжанды тұлға қалыптастыруда аса маңызды.

Журнал беттерінде жарық көретін материалдар – елдің өлке тарихына, табиғи ерекшелігіне, жас туристер мен өлкетанушылардың жетістіктеріне бағытталып, Абай айтқандай, «толық адам» болуға ұмтылған буынды тәрбиелеуге өз үлесін қосып отыр.

Журналдың шығармашылық жолы әрдайым табысты, мазмұны мәнді, мазмұнды бола бергей!

Абай музейінің ұжымы атынан сіздерге зор шығармашылық табыс, шабытты еңбек, ғылыми ізденістер мен ұлттық руханият жолында мол жетістіктер тілеймін!

Мерейтой құтты болсын! Абай мұрасы – әрбір соқпағыңызға нұр болып жаусын!



**Игі тілекпен,
«Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік
тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық
музей қорығы» РМҚМ директоры**

САҒАДИЕВ ҰЛАН БОЛАТҰЛЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚПАРАТ
МИНИСТРЛІГІНДЕ 01.12.2003 ЖЫЛЫ ТІРКЕЛІП,
№4482-Ж КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.
24.12.2021 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ
МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ
ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ЕСЕБІНЕ № KZ40VPV00044511
ҚАЙТА ТІРКЕЛДІ.

Таралым аймағы: Қазақстан Республикасы

№3 (116), маусым 2025 жыл

МЕНШІК ИЕСІ: МКҚК «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі
білім басқармасының балалар мен жасөспірімдер туризм
және экология облыстық орталығы» (келесіде – БҚ
ОБЖТЖЭО)

Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының
қолдауымен жылына 6 рет шығады.

Журналдың негізін қалаушы:

Фомин Виктор Павлович - А.А.Остапец – Свешников
атындағы Халықаралық балалар-жасөспірімдер туризм
және өлкетану академиясының (келесіде – А.А.Остапец-
Свешников атд. ХБЖТЖЭО) академигі, п.ғ.к.

Шеф-редактор: **Бекқалиев Ғалым Ибатоллаұлы** – Батыс
Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының балалар
мен жасөспірімдер туризм және экология облыстық
орталығының директоры (келесіде – БҚОБЖТЖЭО)

Кеңес мүшелері:

Жұмаев Максот Сағынтайұлы – белгілі Қазақстан
альпинисі, альпинизм бойынша Халықаралық деңгейдегі
Спорт шебері, БҚО-ның құрметті азаматы

Смирнов Дмитрий Витальевич – п.ғ.д., А.А.Остапец-
Свешников атд. ХБЖТЖЭО-ның президенті

Мазбаев Орденбек Білісбекулы- п.ғ.д., А.А.Остапец-
Свешников атд. ХБЖТЖЭО-ның академигі

Никитинский Евгений Сергеевич – п.ғ.д., «Тұран-
Астана» университетінің профессоры

Абдулханров Абджемил Зекерьянович – п.ғ.к., доцент,
А.А.Остапец-Свешников атд. ХБЖТЖЭО-ның Крым
аймақтық филиалының төрағасы

Шаяхметов Асхат Галиевич - А.А.Остапец-Свешников
атд. ХБЖТЖЭО-ның академигі

Редакция алқасы:

Г.З.Усағалиева – ОБЖТЖЭО директорының ОӘЖ
жөніндегі орынбасары

А.Б.Мукашева - ОБЖТЖЭО директорының ОТЖ
жөніндегі орынбасары

К.Е.Неталиева - ОБЖТЖЭО туризм және қауіпсіз
маршруттар бөлімінің менгерушісі,

Р.С.Альмұханова – ОБЖТЖЭО өлкетану бөлімінің
менгерушісі

Н.Б. Байсариева - ОБЖТЖЭО экологиялық туризм
бөлімінің менгерушісі

Р.Е.Нұрманов - ОБЖТЖЭО әскери-патриоттық тәрбие
және спорттық бағдарлау бөлімінің менгерушісі

Нөмірмен жұмыс жасағандар:

Қайрлиева Қ.Ж. - бас редактор

Ғатауов Н.Х. - корректор

Қушекқалиев Ж.Н. - дизайнер, беттеу

Журнал редакциясының пікірі жарияланым авторларының
пікірімен сәйкес келмеуі мүмкін.
Қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды.

Жазылым индексі

Жеке жазылушы – 75184

Мекемелер мен ұйымдар – 25184

Редакция мекен - жайы:

090004 Қазақстан Республикасы, Орал қ.,

Исатай батыр көшесі, 71/1

Тел.(7112) 52-59-42, 52-58-91

e-mail: evrasia_centre@mail.ru

www: toufizm07.kz

Форматы А4 210 x 279 мм, офсетті басып шығару.

Тапсырыс № 3

Таралымы 460 дана

«POSTMAN PR» ЖШС, БҚО,

Орал қ., Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы 206

ӨЛКЕТАНУ - КРАЕВЕДЕНИЕ

Байбол Ә. У.

Абай ілімі және оны балаларға оқыту мәселесі.....2

Оразова І.С.

Аталар жолы - жастарға өнеге.....9

Габбасов М.К.

Жадымда мәңгі жаңғырар.....12

Аманова А.Т.

Теріден жасалатын ат әбзелдері.....15

МУЗЕЙТАНУ-МУЗЕЕВЕДЕНИЕ

Жұмабай Б.Е.

Мектеп музейлері қызметінің түрлері мен негізгі бағыттары
Музейлерді орналастыру, жобалау және құжаттау.....18

Белгиев Қ.Қ.

Табиғатпен үндескен тәрбие ордасы.....22

ТУРИЗМ

Шаяхметова Г.М.

Формы совершенствования туристско-краеведческих
компетенций педагогов дополнительного образования.....25

Исжанов А.К., Данкина Г.Р.

Үздіксіз білім беру жүйесіндегі туризм мен өлкетану
іс әрекеттері.....29

ГЕОЛОГИЯ

Джумагазиева А.У.

К истории палеонтологических коллекций музея природы и
экологии Западно-Казахстанской области.....32

ӘДІСТЕМЕ – МЕТОДИКА

Сарсенғалиев Ф.С.

Экспериментальная учебная программа туристско-
краеведческого кружка «Приуральевед».....35

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКА- ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ПРАКТИКА

Байсариева Н.Б.

Краткосрочный план открытого внеклассного занятия
«Час Земли».....40

Полякова Н.А.

Дыхание и фотосинтез растений.....45

Тлеккабылова Р.С.

«Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ».....51

Ибрагимов Э.С.

Путешествие в творчество Габдуллы Тукая.....53

Бекешев А.С., Батырбай А.С.

Табиғатқа сүйіспеншілік – кішкентай қадамнан
басталады.....56

ІСКЕРЛІК ПАПКАСЫ - ДЕЛОВАЯ ПАПКА

Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары
қызметінің үлгілік қағидалары.....59

ТУРИСТІК ЖАҢАЛЫҚТАР-ТУРИСТСКИЕ ВЕСТИ

Табиғи рельефте тау туризмі бойынша республикалық
жарыс нәтижесі.....64



Абай ілімі және оны балаларға оқыту мәселесі

БАЙБОЛ
Әлібек Уәлиханұлы
Абай атындағы Қазақ ҰПУ-дың
оқытушысы, жазушы, драматург,
әдебиеттанушы, сыншы,
аудармашы, Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі
Алматы қ.



***Аңдатпа.** Мақалада Хакім Абай ілімін балаларға оқыту мәселесі қамтылған. Классик ақынның поэзиясы мен философиясын зерттей отырып, мағынасын жан-жақты ашқан. Автор ақын өлеңдерінің астарындағы ұлттық кодқа негізделген, баланы жігерлендіретін, өмірге қарата баулитын өлеңдері мен қара сөздерінің мағынасын ашып, өлеңін оқытудың тиімді жолдарын көрсеткен. Мақала білім беретін мекемелерге, ЖОО-ның ұстаздарына мектеп мұғалімдеріне, қосымша білім беру педагогтеріне бағытталған.*

***Аннотация.** В статье рассматривается вопрос преподавания учения Абая детям. Исследуя поэзию и философию поэта-классика, автор всесторонне раскрывает их смысл. Раскрыто значение стихов и прозы поэта, основанных на национальном коде, вдохновляющих ребёнка и воспитывающих отношение к жизни. Также показаны эффективные методы преподавания его произведений. Статья ориентирована на образовательные учреждения, преподавателей вузов, школьных учителей и педагогов дополнительного образования.*

***Кілт сөздері:** Абай, абайтану, хакім мұрасы, «қырық бесінші қара сөзі».*

Абай ілімін балаларға қалай оқытамыз? Оның нендей жолдары бар? Хакім Абайдың өлеңдерін балаға жаттаппас бұрын, әуелі автор туралы, шығарма тарихы туралы, шығарманың мән-маңызы туралы сөз еткен абзал. Сонда өлең бойға сіңімді, мейлінше ұғынықты болмақ. Ал, егерде бірден: «Жатта!» – деп бұйырсақ, әрине, бала қорыққанынан жаттайды, алайда одан нәтиже аз болады. Себебі, арада жыл өтпей жатып, әлгі өлең ұмытылады. Неге? Себебі, бала оны бар көңілімен жаттаған жоқ, оған тек тапсырма, бұйрық ретінде ғана қарады. Әуелі, баланың Абайға деген махаббатын ояту керек. Хакім Абай туралы көп айтып, елге, жерге деген патриоттық сезімін оятқан жөн. Абайды күштеп оқыту тиімсіз, оны ынтамен оқыту керек. Балаға: «Бұл – Абай атаң! Мынау сол кісінің суреті. Абай – сенің апаңа да, атаңа да, әкеңе де, анаңа да ортақ тұлға!» – деп

соның тілінде сөйлеген орынды. Сонда баланың зейіні ашылып, қызығушылығы оянады. Сонан соң барып Абай туралы деректі фильмдер, көркем кинолар, мультфильмдер көрсеткен абзал. Әр адамның ой-санасында «әлемнің тілдік картинасы» бар. Егер балаға ұғынықты, қарапайым тілмен сөйлеп, оны қызықтыра білсек, онда ол Абай туралы дүниелерді құныға оқиды, іздеп жүріп оқиды. Педагог Шалва Амонашвили: «Бала кез келген нәрсені жанына жақын қабылдап, сезімі оянса, онда ол кітапты да оқиды, сурет те салады, еңбекті де бар құштарлығымен істейді», – деген болатын. Балаға Абайды ауырлатудың қажеті жоқ. Балаға өзі секілді жердің бетін басып жүрген, өзі секілді атта отырған, өзі секілді қазақтың даласын кезген, өзі секілді балалық қылып ойнаған Абай қымбат. Мифологизацияны ересек кезінде ұғынады. Әзірге бұндай процесс-

ке үйрету ертерек. Ұлттық код – күрделі ұғым. Бұның ішіне менталдық қабатты құрайтын әр ұлттың, әр этностың тарихы, әдеби қазынасы, мәдени мұрасы, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, тілі, діні, ділі, дүниетанымы, жүріп өткен жолы, тарихи эволюциялық кезеңдер негізіндегі ой-санасында мықтап бекіген қайталанбас, төл образдар енеді. Әр ел түрлі-түрлі құбылысты өздігінше көреді, өздігінше пайымдайды, өздігінше қабылдайды. Георгий Гачевше айтқанда, «наш предмет – национальный космос, в древнем смысле – как строй мира, миропорядок: как каждый народ из единого мирового бытия, которое выступает вначале как хаос, творит по-своему особый космос. В каждом космосе складывается и особый логос – национальное миропонимание, логика. Это – самое тонкое, до чего нам добраться и постигнуть» [Гачев 1999, 1:10]. Ал, Клотер Рапай мұны былайша ұғынады екен: «Это бессознательный смысл той или иной вещи или явления, будь то машина, еда, отношения, даже страна в контексте культуры, в которой мы воспитаны» [Рапай 2008, 2:77]. Бір ұлтты екінші ұлттан ерекшелендіріп тұратын басты фактор – тек өзіне ғана тән менталитеті, ұлттық болмысы, мінез-құлқы, дүниетанымы, т.б. Айталық, филология ғылымдарының докторы, профессор, поэтолог, әдебиеттанушы Сәуле Әбішева «Поэтический мир М. Макатаева» атты монографиясында: «Макатаев обращается к выразительным образам, передающим состояние солнца и его цветовую гамму: «қызарып» («наливаясь огнем»), «жарқырап» («сверкая»), «қалтырап» («дрожа»), «сарғайып» («желтая»), «жалаулатып» («пылая»), «кешігіп» («запаздывая»). Использует метафорические ряды и мифологические коды для создания его внешнего облика. Традицией солярной мифологии объясняется наличие у солнца глаза: «Күн көзін» («Солнца глаз»). Отсылку к архетипическому образу солнечной колесницы содержат следующие строки: «Күміс жалды күн дейтін көлікпенен, / Көріп келем өмірді, көріп келем» («На колеснице среброгривого солнца / Я обозреваю жизнь, обозреваю»). В словах «дөңгелеп», «айналып», связанных с семантикой круга, поэт обыгрывает форму солнца. Слово-сочетание «күннің табағынан» в значении «с солнечного диска» тоже указывает на его форму» [Абишева 2018, 3:152] деген. Жоғарыдағы структуралық талдауға негізделген мысалдарды Абай поэзиясынан да молынан табуға болады. Мәселен, «тайға міндік», «үкі тақтық», «қыран шықса қияға», «жүйрік тіл, терең ой», «жаңбырлы жайдай сырқырап», «шокпардай

кекілі бар, қамыс құлақ», «сіз – жалын шок, біз – бір май», «тұмар тағылса да», «күлімсіреп аспан тұр», «қой жайылып жаздыкүн», «аспаннан бүркіт құйқылжып», «қараңғы түнде тау қалғып», «желігін жерге тықпас», «шідерлігі жуандау, бота тірсек», «құс қаңқылдап», «суы ашыған батпақ көл», «толғауы тоқсан қызыл тіл», «қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақ», «қарсақ жортпас қара адыр», «жуасты мінде, айран іш», «жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан», «желсіз түнде жарық ай», «жазғытұрым жасырып жердің бетін», «қыран бүркіт ен алмайды, салса баптап», «алпыс екі айлалы түлкі алғанда», «қойдан қоңыр, жылқыдан торы», т.б. Бұл сөздер, бұл ұғымдар, бұл ұлттық образдар – әр қазаққа ұғынықты, әр қазаққа түсінікті. Абай «Қырық бесінші сөзінде»: «Адамшылықтың алды – махаббат, ғадаләт, сезім. Бұлардың керек емес жері жоқ, керіспейтұғын да жері жоқ. Ол – жаратқан тәңірінің ісі. <...> Бұл ғадаләт, махаббат, сезім кімде көбірек болса, ол кісі – ғалым, сол – ғақил. Біз жанымыздан ғылым шығара алмаймыз, жаралып, жасалып қойған нәрселерді сезбекпіз, көзбен көріп, ақылмен біліп» [Абай 2020, 4:218] дейді. Ойшыл өлеңдеріндегі бұлт, аспан, ай, жылқы, жаз, күз, қыс, бүркіт, қыран құс, түлкі, жазғытұры, т.б. түсініктер түрленіп, құлпырып, табиғатқа тіл біткендей әсерде боласыз. «Қылышын сүйреткен қыс» я «масатыдай құлпырған жаз» жанданып, адамға тән қасиеттер пайда бола бастайды. Мұны ғылымда персонификация, прозопопея, антропопатизм деп атайды. Осы хақында ғалым Қажым Жұмалиев бүйдейді: «Абай қыстың кескінін де аса шеберлікпен суреттейді. Үскірік бораны бұрқырап тұрған қысты рақымсыз адам бейнесіне ұқсатады. Қыстың малға да жағымсыз соқыр, мылқау күш екендігін аңғартады». Айталық, ақынның «Жазғытұры» өлеңіндегі өзгеше өрнектерге көңіл аударсақ:

Жаздың көркі енеді жыл құсымен,
Жайрандасып жас күлер құрбысымен.
Көрден жаңа тұрғандай кемпір мен шал,
Жалбаңдасар өзінің тұрғысымен.

Бұнда оярудың белгісі бар. Көбіне-көп Шығыс әдебиетінде түлеуді, жаңғыруды, өмірді көктеммен байланыстырады. «Абайдың тұшынып, ұзақ сонар соңына түсіп оқығаны – шығыстық классикалық поэзиясы мен философиясы. «Медресенің тынысы ауыр, тар ғаламында, қысаң тәрбиесінде жүрген шәкірттің шын сүйетін жандары – Низами, Сағди, Хафиз, Науаи, Физули сияқты көне классикалық ақындар болған. Медреседе оқып жүрген кездерінде жаздыгүні елге қайтқанда,

қаладан ала келетін кітаптары – тағы да сол ақындар еңбектері. Үй ішіне оқып беріп отыратыны да солар болған», – деп Мұхаң Абайдың шәкірттік шақтағы кітапхана ауқымына жүрдім-бардым назар аудармаған» делінген «Қайым туралы сөз» кітабында. Алаш қайраткері, меценат Мұхамедхан Сейітқұлұлының баласы, текстолог, ғұлама ғалым Қайым Мұхамедханұлының абайтануға, хакім мұрасын зерттеуге сіңірген еңбегі өте зор, ерен. Хакімнің:

Қансонарда бүркітші шығады аңға,

Тастан түлкі табылар аңдығанға.

Жақсы ат пен тату жолдас – бір ғанибет,

Ыңғайлы ықшам киім аңшы адамға, – деп басталатын өлеңіндегі ұлттық образдар – ойлы жан үшін жат емес, қайта етене таныс. «Томағасын тартқанда», «сегіз найза қолыңда», «қанат, құйрық суылдап, ысқырады», «біреуі – көк, біреуі – жер тағысы», «қар – аппақ, бүркіт – қара, түлкі – қызыл», «таудан жиде тергендей», «сілке киіп тымақты», «күйеуі ер, қалындығы сұлу болып», «аппақ ет, қып-қызыл бет, жап-жалаңаш»... Бір өлеңнің өзінде нешелеген символ бар, нешелеген динамика бар, бірін-бірі алмастырған көркем сүгіреттің арғы жағында ұлттық кодқа негізделген таным жатыр. Атрибуттар белгілі бір қозғалыстан, тынымсыз тіршіліктен хабар береді. Пьер де Шарден «Феномен человека» еңбегінде: «Существует лишь необратимо персонализирующий универсум, способный вместить в себя человеческую личность», – дейтіні де сондықтан [Шарден 1987, 5:227]. Француз палеонтологы, ғалымы, философы әрі теологы Ұлы адамдар туралы айтып отыр, Абай солардың сойынан. Хакім қолданысындағы көптеген ұғымдар символдық мәнге ие. Соның әсерінен өлеңнің бояуы өзгереді, тереңдей түседі. Абай – айтарын турасынан емес, тұспалдап жеткізетін ойшыл ақын. Мәселен, «Күнді уақыт итеріп» (М.Ю. Лермонтовтан) өлеңіне мән беріп көрейік.

Күнді уақыт итеріп,
Көкжиектен асырса,
Көлеңке басын көтеріп,
Алысты көзден жасырса.

Сонда көңілім жоқтайды
Татуы мен асығын,
Көзі жетіп тоқтайды
Өткен күннің қашығын.

Көкке бақтым «Алла» деп,
Тамаша етіп құдыретін.

Рахматы оның онда көп.
Бізге түк жоқ тиетін.

Неге сүйсін ол мені,
Өзім ақымақ, алмадым,
Көрдім артық бір сені
Рахматынан Алланың.

«Символдар, белгілер, эмблемалар энциклопедиясында» тас – қуатты уақытқа үстемдік ететін доминантты күрделі символ» [Энциклопедия символов, знаков, эмблем 1999, 6:226] деген анықтама берілген. Егер, «Күннің көкжиекке барып құлай батуы өлімге теңестірілсе, ал таңертеңгі қайта шыққан Күн – қайта тірілу символы» [Сонда] екенін ескерсек... Таң ата көрінген Күн – жанданудың, жаңғырудың, түлеудің, жаңа өмірдің бастауы рәуіштес символ. Абай қолданысындағы «болат қанжар» заттық емес, рухани әлемге қатысты екені аңғарылады. Мысалы, «семсер – киелі қасиеті бар заттың бір түрі. Қазақ ұғымына сәйкес: а) семсер – адамның жанының орны, семсер иесінің орны; б) семсердің оттық қасиеті бар; в) семсер тірі тіршілік иесі – батырдың егізі ретінде көрінеді; г) семсер иесіне төнетін қауіптер немесе оның амандығы туралы хабар беруі» [Қондыбай 2005, 7:178] дейді мифолог Серікбол Қондыбай. «Шығыс аңыздарында «нәсерді білдіретін символ көкте қалқып жүрген, жерге тамшы болып төгілген бұлттың шартты бейнесі боп есептеледі» деп берілген [Шығыс символизмының энциклопедиясында 1996, 8:57]». Хакімнің «Күлімсіреп аспан тұр» өлеңінде аспан күлімсіресе, «Нұрлы аспанға тырысып өскенсің сенде» аспан нұрланса, «Күзде» түсі суық сұр бұлт аспанды қаптайды. Көркем мәтін бояуынан-ақ көп нәрсені аңғаруға тиіспіз. Мұндай сөз қолданыстарынан автордың көңіл-күйін, ахуалын, күйініші мен сүйінішін көре аламыз. Бұл жөнінде әдебиеттанушы Ирина Ковтунова «Поэтикалық синтаксис» зерттеуінде былай дейді: «Біздің алдымызда монолог емес, адам Менінің әр түрлі жақтары арасындағы диалог көрінеді. Мұндай ішкі диалог ой-санасы озық адамдарға ғана тән» [Ковтунова 1986, 9:64-65]. Ақын, жазушы, аудармашы Борис Пастернак поэзия табиғаттан күш алатынын айта келе, былай дейді: «Өнер әрекет ретінде шынайы және дерек ретінде символикалық болып табылады. Ол метафораны өзі ойлап тапқан жоқ, ол оны табиғаттан алды және оның қасиетін сақтай отырып суреттейді» [Пастернак 1985, 10:174]. Натурфилософиялық сипаттағы өлеңдер оқырманға табиғаттың

қандай ғажап құндылық екендігін ұғындырып қана қоймай, ондағы сыр-құпияға толы таңба белгілерді тануға да мүмкіндік береді. Бұны Абай аударған ақындардың бірі – Пушкинның өлеңмен жазылған романы («роман в стихах») «Евгений Онегиндегі» Ленскийдің көңіл-күйінен де байқай аламыз.

Он роши полюбил густые,
Уединенье, тишину,
И ночь, и звезды, и луну,
Луну, небесную лампаду,
Которой посвящали мы
Прогулки средь вечерней тьмы,
И слезы, тайных мук отраду...

Хакім Абай – сөз-сөйлемді құбылтудың шебері, бір қарағанда елеусіздеу дүниеге жан бітіретін ақын. «Қазақ тілінде ұйқас сөздер көп. Қазақ поэзиясында ұйқастың өзіндік ерекшеліктеріне байланысты сөздердің жақын ұқсастығын талап етеді. Қазақ тілі осындай ұйқастарды шектеусіз пайдалануға мүмкіндік береді» [Ахметов 2012, 11:425] дейді Зәки Ахметов. Ән поэзиядан, поэзия әннен нәр алады. Бақыт Қайырбековтың «Көшпенділер әлемі. Ұлы дала аңыздары. Қазақ этикеті» атты зерттеуінде айтылғанда, есте жоқ ерте замандағы аңызға сәйкес, «бұрнада жердің бетінде ән қалқып жүріпті, ол төмендеп ұшқан жерлерде адамдар ән айтуды үйреніпті. Ән қазақтың шексіз даласына жеткенде, жерге барынша жақындай түсіпті. Сол себепті қазақтар әлемдегі ең алғашқы әншілер болыпты» [Қайырбеков 2014, 12:154]. Абайдың «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» өлеңіндегі қыз баланың көркем бейнесінде ұлттық дүниетанымға иек артқан белгі-нышандар жетерлік.

Мысалы, «аласы аз қара көзі», «жіңішке қара қасы», «ақша жүз, ал-қызыл бет», «аузын ашса, көрінер кірсіз тісі», «жұп-жұмыр, ақ торғындай мойыны», «тақтайдай жауыры бар, иығы тік», «нәзік бел тал шыбықтай», «етіндей жас баланың білегі бар», «ажымсыз ақ саусағы», «қолаң қара шашы бар жібек талды», т.б. Автор кодталған ақпаратты көркем туынды арқылы жеткізеді. Оның әрқайсын жеке-жеке, бөлек-бөлек талдап, толықтай түсініктеме берген жөн. Әдебиеттанушы, профессор Вера Савельева «модели художественных миров жанров – это своеобразные формулы, в которую каждый автор подставляет свои особенные данные...» [Савельева 2000, 13:27] десе, ф.ғ.д., профессор, поэтолог Жанна Толысбаева «Трансформация жанров современной поэзии Казахстана» монографиясында:

«Жанры с трудом поддаются систематизации прежде всего в силу своей множественности. Каждая историко-литературная эпоха «приводила» свои жанры: древнегреческая лирика – элегию, ямб, эпиникий, эпитафию; провансальская литература – канцону, пастораль, альбу; лирика Возрождения – сонет; эпоха классицизма – трагедию, оду» [Толысбаева 2010, 14:21] делінген. Абайдың әдеби мұрасын негізгі 3 бөлімге бөліп қарастырамыз, біріншісі – өлеңдері, екіншісі – ғақлиялары, үшіншісі – тәржімалары. Автор лексикасын қазақ, араб, парсы және орыс сөздері құрайтынын білесіздер. Сол арқылы сөздік қорымыз байыды. Ал, қазіргі мына қазақ жаһанданған заманда ойшыл шығармаларына дүркін-дүркін ден қою, қайта-қайта оқу – басты талап. Себебі, мұнда қаймағы бұзылмаған, маңызы бетінде тұнған қазақтың ғажап тілі бар, орны бөлек образдар бар, автор көзбен көріп, өне бойынан өткізген елдің тыныс-тіршілігі суреттелген және ең бастысы жұртшылық үшін, адамзат үшін қажет ұлттық код менмұндалайды. Сол себепті де, Абай – өміршен, Абай – мәңгілік, Абай – алып.

Абайда баланы жігерлендіретін, өмірге қарата баулитын өлеңдер жетерлік. Алайда, балаға оларды жаттатпас бұрын, оны оқытпас бұрын қайрат, ақыл, талап, еңбек, қанағат, рақым, ар, ғылым туралы молырақ мағлұмат берген дұрыс және бұның бәрі өмірдегі қажетті қасиеттер екенін сезіндірген орынды.

«Жүректе қайрат болмаса,
Ұйықтаған ойды кім түртпек?
Ақылға сәуле қонбаса,
Хайуанша жүріп күнелтпек.
Аспаса ақыл қайраттан,
Тереңге бармас, үстірттер.
Қартыңның ойы шар тартқан
Әдеті жеңіп күңгірттер.»

«Талантты талант қана таниды» деген тәмсіл бар. Келісемін. Ойлап қарасақ мәні – әріде, тереңде жатыр. Ілияс Жансүгірұлының «Әдебиет майданы» журналындағы (1934 ж.) «Абайдың сөз өрнегі» делінген талғампаздықпенен, талдампаздықпенен өрілген мақаласы – дәп қазіргі ойдың дәлелі. Ілияс ақын онда былай депті: «Абайдың ақындық қуаты, тілге шеберлігі – оның сөзінің арасына қыл сыймайтындығы. Абай ақындықтың өнері – сөздің іші, сырты екеуі де жақсы, екеуі де көркем болсын деген.

Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,
Сонда да солардың бар таңдамасы.
Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын,

Қазақтың келістірер қай баласы?

Сөзді осылай саптап өлеңге кіріскен Абайдың өлеңінің іші – өз мазмұнында алтын болып шығады. Оның аз сөзіне көп мағына сыйып кеткен, сөз шеберінің іші қалың қазына, өлең қауызының іші толған дән болады. Абай – өлең түрін жасауға қызмет еткен жазушы. Абай бұрынғы қазақтағы ел өлең-жырларының өлшеміне парсы, шағатай, орыс өлеңдерінің үлгісін кіргізіп, үлгілерін кеңітудің үстіне, араб, қазақ әдебиетін жаңалаған адам. Сол түрлерге қазақша тәтті тілмен қызықты мазмұн салып, тыңнан тартқан өз үлгісімен де қазақ өлеңін байытқан адам». Автор Абайды «сөз шебері» деп отыр, мұнда құр мақтау емес, дәлелді сөз, құрмет пен тағзым бар. Жазушы, драматургты былай қойғанда, қазақтың қай ақыны болсын хакімге соқпай кетпейді, бір соққан соң оралып отырады, қайта-қайта оқиды, жастанып оқиды, жаттайды, жатқа соғады. Бұл – елдің құрметі, елдің бағасы. Қай дана, қай ғұламаны мысал қып алсаңыз-дағы, ол әлемдік тауарихқа, өркениет өрісінің кеңеюіне, әдебиетке, мәдениетке, ғылымға, адамзатқа ғаламат әсер еткен боп шығады. Пендеге бағыт-бағдар сілтеп, жол көрсетіп, адамшылыққа адаспай, сүрінбей-қабынбай, құламай-құлдырамай, шаршамай шалдықпай, мүдірмей-кідірмей, бөгет-бөгеусіз жетуге бірден-бір сеп болатындар да – сол ұлылар. Жаңағыларды жалпақ жаһанға тарыдай шашып жіберген Жаратушымыз да – шексіз шебер иесі ғой, олардың көп болмауы да сондықтан деп ойлаймыз. Аз бола тұра, бәрімізді азғындықтан сақтап, күндіз – күлкі, түнде – ұйқы көрмей, қай уақытта да сопиған соқа басын емес, жұртшылық қамын жегені... Біреуі ерте туады, енді бірі дер шағында туады, келесісі кеш туады, өмірдің 3 басты циклы секілді, түп-тура: «дүние есігін ашты» (Абай), өмір сүрді, дүниеден өтті. Қайткенде де еңбегі еленіп, есімі ел есінде қалып жатқанына – абыз кейіптес тарих куә. Солардың бірі де бірегейі – Құнанбайдың Абайы. Қазекем хакім Абай деп ерекше қастер тұтады, бөлекше ардақтайды. Манағы көпшіліктің ішінде біз де бармыз. Оның тек маған ғана емес, көзі ашық, зерделіге тигізген әсері орасан, өлшеусіз. «Қарны тоқ, қаса надан ұқпас сөзді / Сөзді ұғар көкірегі болса көзді / Қадірін жақсы сөздің білер жанға / Таппай айтпа, оған да айтар кезді», – демей ме ойшыл. Оның әдеби мұрасын бір-екі ауыз сөзге сыйдыра салу қиындау, әлбетте. Себебі, Ой дегеніңіз кеңістік ұқсап ұлғайып, далиып кете береді, кете береді, кете береді, шекара-шектеуі, басы да, аяғы да жоқ. Абайды тек қана жаттап, судыратып айтып беру

аздық етеді, оны мейлінше түсініп, ұғынып, он ойланып, мүмкін болғанша тереңіне сүңгіп барып оқымақ керек. Оқисындағы: «Бұ, қалай болды, өзі?» дегендей ойға қаласың. Одан ойшылдықтың қаншалықты қиын жолмен келетінін ұғындым. Ол Алланы тануға, арлы болуға, адам болуға, білім жиюға үндейді, еңбектің қандай ғажап құндылық екенін түсіндіреді. Бұдан артық ақылман жанға не қажет, айтыңызшы? Санагердің сан алуан қыры бар, әр кісі өзін масаша мазалаған сауалға жауап алады. Абай – менің жүрегімде...

«Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап,
Әуре етеді ішіне қулық сақтап.
Өзіңе сен, өзіңді алып шығар,
Еңбегің мен ақылың екі жақтап».

Ұстыны мығым ұстанымым – осы. Жалпы, ұлыларды ұғу үшін сыртқы және ішкі дайындықпенен уақыт керек. Ойшылдар от сияқты, абайламасаң өртеніп өлуің мүмкін, әгәрәки сырын ашуға талпынсаң керемет жылу сыйлайды, бөтенсінбейді, керісінше бауырына тарта түседі, өзіңмен теңдей дәрежеде сөйлеседі. Әуелгіде, маңына жолатпас, томаға-тұйық, көп көзінен оқшау ұстайды. «Сыртына қызыл сөзден бал жаққандық» (Т. Ахтанов) емес, бұл. Кісімісіп, Цицероншылап (Цицерон Марк Туллий) отырғам жоқ, шыным – осы. Жер басып жүрген адам – көп, алайда тұлға – аз, некен-саяқ, бірен-саран. Абай – мәдениеттер тоғысында туған тұлға, феномен, құбылыс. Тұлғатану – соларға тән энциклопедиялық білім мен жан-жақтылықты таллап ететін салмақты сала. «Бұл дүниенің ләззаты бәрі сонда, Ойсыз құлақ ала алмас ондай сыйды» деп тұрған жоқ па?! Тағы да Абай...

Абай деп жазсақ та, айтсақ та: «Бұл қай Абай болды екен?..» – деп сұрамайды, ешкім. Ол – шүбәсіз, күмәнсіз нәрсе. Өйткені, оның асыл образы ұлт жадында ойып тұрып орын алған-ды. Бұл – халық махаббатының тақ көрінісі. Көп деген жақсы. Бағалайтын да, сүйетін де, күйетін де, кейбір кезде сынайтын да – сол көп. Ұнатса астындағы атын беруге әзір тұрады, ұнатпаса абыройсыз етуі де мүмкін. Бүгінгі тілмен айтқанда аудитория ғой. Әр Сөз сонда бағытталады, оны бойға сіңіру үшін ынта қажет, ынтасыздық пен ынжықтық – туыс, өстіп-өстіп бірінен соң бірі балалай береді, балалай береді. Регресс.

«Көп салқын бірін-бірі ойына алмас,
Кетер жым-жырт, артына із қалдырмас.
Ой қозғарлық артқыға түк қалдырмай,
Ұмыт болар, жоғалар, көпке бармас».

Әнеки, қайыра ескертуде. Әр адам тарихтың бөлшегіне айналып, ұлы уақиғалардың басы қасында жүргісі бар. Дәмеміз – дәу. Анау бір қыр

басына қарасаң, төмпешік жетерлік. Алайда, артында қалған белгі аз. Сонда мына бес күндік жалғанға, мына дүрмекті дүнияға не үшін келді деп те ойлайсың. Ойланасың. Шоқан құрлы, Ыбырай құрлы, Абай құрлы, Әлихан құрлы жоқ па екен, сонда?! Мұның атауы – мұратсыздық, Пәлсапаның пәленше жыл зерттеген орталық тақырыбы – пәруай. Өмірдің өзегі – мақсаттан мақрұм жаннан не күтуге болады, бұл тіршілікте? Құдай береді, Құдай алады. Келді, кетті, болды, осымен тамам... Ұлыларға қарап – ұрпақ өседі. Аксиома. Постулат. Соларға теңескісі келеді, бой түзейді, солардан үйренеді, кейінгілер. Сондықтан, бұндай атты алып жүру – қиын шаруа. Сәл ауытқып кетсем, көмекке көненің көзі – Абай атам келеді. «Былай істегін, былай жүргін», – деп ақылын айтып, тәртіпке сап, арқаңнан қағып, асқан жанашырлық танытады.

«Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ержеткен соң түспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім»

Оқы, ерте жастан ізден, жаһандық жаңалықтан құр қалма, селтеңбай жүрісті қойғын, қоғамға аралас деп тұр ғой, хакім. «Қызмет қылсын, шен алысын деп бермедім». Тағы да Құнанбайдың Абайы. М. Мырзахметұлы, Ж. Шойынбет, М. Әліпханның «Абай мұрасының өзекті мәселелері» атты зерттеу еңбегінде: «Абайдың толық адам туралы ілімінің өзегі – ақыл, әділет, рахым деген терең ғылыми мағына беретін, тереңіне құрық бойлай бермейтін ойпікірлерінің мән-мағынасы аса зор, күрделі мәселелер. Бұлардың түп төркіні Абай қара сөздері мен философиялық лирикасындағы Алланы тану мен жантану жолындағы ой ағысының тарту күші зор ой иірімдерінде жатыр. Абайдағы толық адам ілімінің өзегіне (ядросына) айналған мәні мен мағынасы аса зор этикалық танымдағы ақыл, әділет, рахым, қайрат деп аталатын мағынасын ізденіп барып, жүйеге түсіріп алмақ керек. Болмаса ұстатпайтын терминдік мағынасы көп қатпарлы аталымдардан құралып, толық адам ілімінің қаңқасын құрайтын киелі ұғымдардан құралады. Абай өзі негізін салып қалыптастырған толық адам ілімін осы мақсат тұрғысынан өзінің идеялық күрес құралына айналдырғаны оның шығармалар желісінде осы гуманистік идеяны молынан насихаттап, жүйелі түрде қызу таратып жатуында көп мәселенің астарлы сырлары жатыр. Өйткені, Абай туындыларында жиі ұшырасатын «пенде, адам, жарым адам, толық адам, суық ақыл, нұрлы ақыл, хауас, үш сую, пенделіктің кәмалаттығы, инсанияттың кәмалаттығы, кәмалат ғазамат» деп аталатын терминдік мағынасы терең

ұғымдардың бәрі де тікелей кейде жанама түрде толық адам ілімімен сабақтасып ұштасып жатуы жәй нәрсе емес» делінген.

Жоғарыда сөз етілген әр ұғымға жеке-жеке тоқталып, талдап, кең-молынан қамтылған комментарий, тәптіштелген тәпсір сұранып тұрғаны хақ, соңыра түйіндегенде ғана «Толық адам» ілімін терең де түбегейлі түсіне алмақпыз, сонда ғана оның картинасы анық әм қанық шықпақ. Бір әділет я ақыл деген түсініктердің ішіне қаншама дүние сыйып кетеді, сол сыйымдылығымен де концепт тектес мазмұнға бай, құнарлы, қуатты келеді. «Өлеңді көркем проза биігіне көтере талдаудың тамаша үлгісі – «Жұмбақ жан» деп Тәкен Әлімқұловтың шынайы бағасын асырған профессор Құлбек Ергөбекке («Жұмбақ жан – 2») ерекше риза болдық. Сол «Жұмбақ жанда»: «Абай Құнанбаев сынды ұлы ақындардың мағынасы терең мұрасы бір кезеннің, бір дәуірдің еншісінде қалмайды. Оған ауыспалы ұрпақтар өз көзқарасын білдіріп өз бағасын бере жатады. Мазмұнды өмірбаянның, мәнісі творчествоның қыры мен сыры дәуірлердің барысында ашыла түседі» деп жазылған. Хакім хақында ой қозғайтын жастар туатынын, шығатынын сезген Тәкен де данышпан ғой, шіркін. Өзі зерделеп жүрген философияны каноника, физика және этика сықылды 3 бөлікке бөліп қарастырған Эпикур «қайтсе адам бақытты болмақ? Бақыт деген не?» деген сұрақтарға ғұмырбақи жауап іздеп өткен ғой. Этика дегеннен шығады, конфуциандыққа (Конфуцийдың этикалық-философиялық ілімі) жүгінетін Қытай, Корея, Жапония, одан еш жамандық көріп жүрген жоқ. Ұлттық идеологияны сабылып, әр-әр жерден іздеп жүрміз, Абайдың әдеби мұрасына зер салсақ, сонда бәрі рет-ретімен тұрғанын байқаймыз да, алайда көрмеген сыңай танытамыз. Алысқа шауып арамтер болу – орынсыз қылық.

«Басында ми жоқ
Өзінде ой жоқ,
Күлкішіл, кердең наданның.
Көп айтса, көнді,
Жұрт айтса, болды.
Әдеті надан адамның.
Бойда қайрат, ойда көз
Болмаған соң, айтпа сөз»
Не:

«Бір дәурен кемді күнге – бозбалалық,
Қартаймастай көрмелік, ойланалық.
Жастықта көкірек зор, уайым жоқ,
Дейміз бе еш нәрседен құр қалалық»
Хакімнің сыншылдық ойы кей шақта Канттың

«таза ақыл сыншылдығы» ұғымымен (Абайша айтқанда «нұрлы ақыл») толығымен болмаса да үндестік табатынын ұғамыз. Филология ғылымдарының докторы, профессор, абайтанушы, әдебиеттанушы Жаңғара Дәдебаевтың «Абайдың антропологизмі» атты еңбегінде бұй делінген: «Абайдың ақындық дүниетанымы жүйесінде ақыл, қайрат, жүрек тән мүшелерін сипаттамайды, адамның ішкі мәнінің қасиеттерін білдіреді. Тән – адам болмысының көзбен көріп, қолмен ұстауға болатын сыртқы қауашағы. Адамның ішкі мәнін көзбен көру, қолмен ұстау мүмкін емес. Оны арабша «нәфсі», парсыша «жан», «діл», «рух» деп те атайды. «Діл» сөзін қазақ тіліне тікелей аударғанда, «жүрек» ұғымы шығады. Ол Құран Кәрімнің аударылған мағынасы мен түсінігінде «орныққан нәпсі» (Х. Алтай) [89:27], «обретшая покой душа» (Э.Р. Кулиев) [89:27], «покоившаяся душа» (Г.С. Саблуков) [89:27], «ничем не омраченная душа» (И.В. Порохова) [89:27], «душа успокоившаяся» (Абдель Салам аль-Манси, Сумайя Афифи) [89:27] ретінде аталса, философиялық еңбектерде «есті жан» делінеді. Адамның сыртқы болмысы мен ішкі мәні туралы арнайы әдебиеттерде осы аталған ұғымдар бір сөзбен беріліп, солардың бәрінің мәнісін қамтитын бір ұғым ұсынылады. Ол – жүрек». Ғұламаның «Қара сөздері» мен өлеңдері мазмұнға бай, мәнге толы. Мазмұн да, мән де – дерексіз нәрсе. Абстракция. Оны ми қызметінің операциялары, сезім мүшелері мен түрлі қасиеттер негізінде ғана тани алмақпыз. Екеуін көзбен көріп, қолмен ұстамаған жағдайда да сезе, сезіне аламыз. Өтірік, өсек, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ пен талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым. Қайсысына басымдық берілсе, сол – доминанта. Жақсылыққа бет бұрсақ жақсы боламыз, жамандықтың жалына жармассақ жаман атанамыз. Бұл – қарапайым формула, бұрыннан бергі өмір заңдылығы, баршаға аян классификация: жаман мен жақсы, жақсы мен жаман... Абай шығармаларының үзіндісі әркімнің үйінде ілулі тұру керек, бұл көбіне-көп басқару органдарына қатысты. Шешімтал тұста хакім өлеңдерінің мәніне үңілсе, оқыса, күрмеулі мәселе де өз шешуін табады деп ойлаймыз. Бүгіндері тең құрбыларымыз, қанаттас-қатарластарымыз жеңіл ақша тапқанына желпініп жүргенін байқадық. Кәсіп бастап, тез байлығы келетінге ұқсайды. Дұрыс қой, қарсы емеспіз. Өссін, өркендесін, тілекшіміз. Десек те, бұл руханияттан, бай мәдени мұрадан нәр алған кәсіп болуы керек. Сонда ғана ол қайырлы болмақ, сонда ғана қайырымды жан көбеймек,

бұны макроэкономикада «қайтарымды капитал» деп атайды. Абай көтерген проблематика қай кезде де өзекті. Себебі, автор универсалды, адам баласына ортақ рухани кеселдерді сынайды. Адам жаны – Құдай мен Ібілістің майдандасатын орны, айқасқа түсетін алаңы. Алла жеңсе, тазарасың, имандылыққа бет бұрасың, екіншісіне ерік берсең құрдымға кетесің, таңдау еркі – өзінде. Қараны – ақ, қараңғыны – жарық, жаманды – жақсы етіп көрсетіп, алдарқататын Өзекең – Өзәзіл емес пе?! Кісіге берілген, әрі Ақылға бас иген ерік, еркіндік, тәуелсіздік дәп осы тұста бас көтеруге тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Гачев Г.Д. Национальные образы мира. Евразия – космос кочевника, земледельца и горца. – М.: Институт ДИ-ДИК, 1999. – 10 с.
2. Рапай К. Культурный код: как мы живем, что покупаем и почему / перевод с английского У. Саламатова. – М.: Альпина Паблишер, 2015. – 77 с.
3. Абишева С. Д. Поэтический мир М. Макаева: Монография. – Алматы, 2018. – 152 с. 218 б.
4. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Қара сөздер / Алматы: Алматыкітап баспасы, 2020. –
5. Шарден де Т.П. Феномен человека. М.: Наука, 1987. – 227 с.
6. Энциклопедия символов, знаков, эмблем. М.: Локид-Миф, 1999. – 226 с.
7. Кондыбай С. Казахская мифология: Краткий словарь. Алматы: «Нурлы Алем», 2005. – 178 с.
8. Шығыс символизмының нциклопедия восточного символизма. Составитель К.А. Вильямс. М.: АДЕ «Золотой век», 1996. – 57 с.
9. Ковтунова И.И. Поэтический синтаксис. М.: Наука, 1986. – 65-65 с.
10. Пастернак Б.Л. Избранное. В 2-х т. Т. 1. Стихотворения и поэмы. М.: ХЛ., 1985. –174 с.
11. Ахметов З. Казахское стихосложение (Проблемы развития стиха в дореволюционной и современной поэзии). Алматы: ARDA, 2012. – 425 с.
12. Каирбеков Б. Мир кочевья. Мифы великой степи. Казахский этикет. Астана: Казахский научно-исследовательский институт культуры, 2014. – 154 с.
13. Савельева В.В. От художественного текста к художественному миру. Теория. Методика. Практика. – Алматы: Фонд XXI век, 2000. – 27 с.
14. Толысбаева Ж.Ж. Трансформация жанров современной поэзии Казахстана. Монография. – Алматы: «СаҒа», 2010. – 21 с.



Аталар жолы - жастарға өнеге



ОРАЗОВА

Іңкәр Серікқызы

Облыстық тарихи-өлкетану
музейінің бөлім меңгерушісі,
Орал қ., БҚО

***Аңдатпа.** Мақалада ҰОС ардагері Дәулет Ғұсмановтың ерлігі мен еңбегі баяндалады. Сонымен бірге оның майдандағы жолы, соғыстан кейінгі ұстаздық қызметі және қоғамдық істерге қосқан үлесі, естеліктері ашылып жазылған. Батырдың өмірі жас ұрпаққа үлгі ретінде ұсынылады.*

***Аннотация.** В статье рассказывается о подвиге и заслугах ветерана ВОВ Даулета Гусманова. Также в статье раскрывается его путь на фронте, послевоенная преподавательская деятельность и вклад в общественные дела, его воспоминания. Жизнь героя Советского Союза преподносится молодому поколению, как образец для подражания.*

***Кілт сөздері:** Ұлы Отан соғысы, Дәулет Ғұсманов, ерлік, майдан, мұғалім, ардагер, жастарға үлгі.*

Ұлы Жеңістің от шашуы дүниені жаңғыртқанына биыл 80 жыл толып отыр. Бұл күн халқымыз үшін тек қуанышты күн ғана емес, сонымен қатар жаппай аза тұту күні деуге де болады. Өзінің Отаны үшін жанын пида еткен миллиондаған адамдарды бүгінгі ұрпақ үлгі тұтып, есте сақтайды. Отанға деген сүйіспеншілік пен қаһармандықтың үлгісін көрсете білген жан ол - Дәулет Ғұсманов.

Дәулет Ғұсманов 1921 жылы Тайпақ ауданының Қызылжар деген жерінде дүниеге келген. Жастайынан ата-анасынан жетім қалып, өмірдің ащы дәмін ерте тартады. Тоғыз жасына дейін ата-әжесінің тәрбиесінде болып, алғашқы сауатын шаруа жастар мектебінен алған. Білімге деген ынталы бала 4 сыныпта оқып жүргенде олардың сыныбына ақиық ақын атанған бала Жұбан келіп қосылады. Жұбан Молдағалиевтің 5 сыныптан бастап-ақ өлең жазып, бала ақын атана бастаған кезі екен. Жетінші сыныпты бітіргесін Жұбан Оралға кетіп қалған. «Жұбанмен бірге оқып, бірге жатып, бірге тұрып, бірге ойнап-күліп



жүрген кезде оның халқымыздың бірлігі мен тәуелсіздігі арман еткен ақиық ақын, танымал ақын болатындығы ойымызға кіріп те шықпаған екен. Мектепте жүрген кезінде өлең шумақтарын

шығарып, өлеңге құмарлығын көрсетіп жүрді. Жаргазеттен өлеңдерін оқып жүрдік, әдебиет үйірмесіне жетекші болды. Әдебиет үйірмесін Орал педагогикалық институтын жаңадан бітіріп келген Махамбетов Батыл деген жігіт жүргізді. Мен де сол үйірмеге мүше болдым», - дейді Даулет ағамыз естелігінде.

1940 жылы Дәулет Ғұсманов мектепті ойдағыдай аяқтап шығады. Бір жылдан соң 1941 жылы соғыс басталып, бала армандарына соғыс тосқауыл болады. Мектепті 14 бала бітіріп, соның төртеуі әскери борышын өтеуге шақырылды. Аудандық әскери комиссар Е.Насонов жинап, қазан айында бәрін қалаға алып келген. Дәулет аға досы Жұбанды да осында кездестірген. Жұбан екеуі жол бойы пойызбен бірге Мәскеу арқылы Ленинградқа барып, ол сонда қалып қояды. Ал оны Пярну қаласында Эстон әскери училищесіне түсіреді. Оларды сонда орналас-тырып, оқуға кірісіп кеткен. Негізгі міндеттері - техника, қару-жарак түрлерін меңгеру, ұрыс тәсілдерін үйрену, спорттық жарыстарға қатысу. Дәулет ағамен бірге Шәмшиден Мырзағалиев деген жас жігіт те болған. Ол сол кездің өзінде Қазақстанның шахматтан 2 дүркін чемпионы еді. Тарту, Пярну қалаларында жаяу жаттығулар үнемі жүргізілді. 1941 жылы Пярну қаласында мамыр шеруіне қатысып, саппен жүріп өтеді. Содан 3 мамыр күні дабыл соғылып, оларды Латвия, Литва шекараларына поезбен жеткізген. Таураға қаласынан 25 шақырым жерде мемлекеттік шекара. 7 мамырдан 19 маусымға дейін сол жерге лагерь орналастырып, жаттығуға кіріскен. Одесса, Печенки қалаларынан 500 адам жеткізіліп, шекара

аймағындағы бекіністер күшейтіле бастаған. 5 рота солдат 15 шақырым жерді қазып, бақылау нүктелерін орнатады.

21 маусымның түнінде, арасында Дәулет Ғұсманов бар, бірнеше жауынгерді шекараға жақын жерге жіберді. Тың тындап өзен жағасында жатқан кезде сағат тура таңғы 4-ке 10 минут қалғанда Кенинсбергке 30 шақырым жерден көк, қызыл, сары түсті 3 ракета атылған. Айна-нала жап-жарық боп кеткен. «Шынымен соғыс басталғаны ма? Келісім бар емес пе еді деп ойлап үлгергенше, көкте неміс самолеттері, жерде неміс мотоциклшілері бірден лап қояды. Айнала у-шу, ештеңе түсініп болмайсың. Неман өзені жағасындағы алқапта биіктігі кісі бойындай қарабидай өсіп тұрған, немістер сол жерді бой таса еткен екен. Немістер 200 метр жақындағанда біздің әскерлер де оқты боратып, қорғанысқа көшті. Алайда, біздің әскерлердің қатары біраз сиреп қалды. Содан бірер сағаттан кейін «шегініндер» деген бұйрық жетті. Пулеметті сүйретіп, бір жағынан қорғана жүріп келе жатқанына қарамастан, аяғына тиген оқ, оның әрі қарай соғысуына мүмкіндік бермеді. Госпиталь-да емделіп, қайтадан сапқа қосылған жауынгер енді Мәскеу, Волоколамск бағытына бағыт алды. Маршал И.С.Конеvтың 19-армиясы әскерлерімен бірге қырғын соғыстың бел ортасына қайта түсті. Смоленск қаласына жақындағанда қалың өрт көрінген. Бұл бұрын құс совхозы болған Рақшина елді мекені болып шықты. Өліспей беріспеуге бекінген екі жақ танк, артиллерия, жаяу әскері бар 17 күн бойы ұрыс салып, қала қолдан қолға өтті. Ақыры, кеңес әскерлері фашистерді Рақшинадан

12. Семейное положение *Женат* Состав семьи:

Родство	Фамилия, имя и отчество	Год рождения
	<i>Жена Ғұсманова Тауза</i>	

Адрес семьи: *Калиновский с/е пос. Калыш*

13. Решение призывной комиссии: *строевой* службе и пред-назначен

14. Призван *Канаевский* РВК, области *Калышский*

Являюсь в РВК для отправки в часть *25 октября* 1940 г.

М.П. *Канаевский райвоенком Калыш*

15. Решение ПТК флота:

11. Прохождение военной службы

16. Назначения и перемещения по службе

Наименование части	Должность	Дата назначения	№ приказа по части
<i>193 стр. полк</i>	<i>курсант</i>	<i>октябрь 1940</i>	<i>1941</i>
<i>517 стр. полк</i>	<i>ком. стр. взв.</i>	<i>июнь 1941</i>	<i>апрель 1942</i>
<i>3034 Закогоспиталь</i>	<i>рам. 1-ой мед. роты</i>	<i>апрель 1942</i>	<i>сентябрь 1942</i>
<i>32 батальон выдворен.</i>	<i>связист</i>	<i>октябрь 1942</i>	<i>1943</i>
<i>Уволен в запас по составному званию 25 октября 1942 г.</i>			
<i>Призван по мобилизации Калининский РВК 28 декабря 1943 г.</i>			
<i>ком. стрелков. роты 1943</i>			

Наименование части	Должность	Дата назначения	№ приказа по части
<i>28 зап. полк</i>	<i>пехот. б.</i>	<i>октябрь 1944</i>	<i>октябрь 1945</i>
<i>193 стр. полк</i>	<i>ком. взв.</i>	<i>1944</i>	<i>1945</i>
<i>Демобилизован на основании указа Президиума Верхов. Сов. СССР от 25 сентября 1945 г.</i>			
<i>Канаевский райвоенком.</i>			
<i>М.П. Калыш (Ташалин)</i>			

тысқырта қуып шығады.

Алайда, сол жеңістен кейінгі аз ғана демалыс Дәулет аға өмірінде өшпестей із қалдырып кетті. Сәл-пәл үзілісті пайдаланып, қасындағы жолдастарымен бірге бар-жоқтарын түгендеуге шыққанда неміс мергені хабар берген бе, әйтеуір жау жағы оқыстан оқты қардай боратып, Дәулет аға сол жолы оң көзінен айрылады. Содан Мәскеу - Тула - Барнаул госпитальдарында емделіп, соңғы операция Сібір әскери округінің емдеу орталығында жасалды.

1942 жылы елге оралған Дәулет Ғұсманов аудандық партия комитетінің нұсқауымен Қызылжар мектебіне келіп, әскери дайындық лагеріне жетекшілік еткен. Мектепте жақын ауылдың жігіттерін соғыс әдістеріне үйретеді. Дәулет аға 1944 жылы майданға қайта шақырылып, Уфа маңындағы әскери орындағы кеңседе писарь міндетін атқарады. Әскери құжаттарды, құпия деректерді реттеу, тұтқындарды қабылдау сияқты тынымсыз жұмыстарды атқарады. 1945 жылы Жеңіс туы желбіреп, еліміз бейбіт күнге қайта оралғанда Дәулет аға бейбіт күннің жауынгеріне айналды.

Соғыс біткен соң, аудандық атқару комитетінде, мәдениет бөлімінде, насихатшылық

қызметтерде белді-белді міндеттерді атқарды. Орал педагогикалық институтын сырттай бітіріп, Харькин орталау мектебінде мұғалім болды. Мектептің барлық қоғамдық жұмыстарының бел ортасында жүріп, 1997 жылы осы оқу орнын онжылдыққа айналдыруға қол жеткізді. Жалпы, Дәулет аға бұрынғы Тайпақ ауданында біраз игілікті істерге ұйытқы болды. 1975 жылы ағамыздың еңбегі еленіп, «Білім озаты» атанып, ауданның «Құрметті азаматы» деген атаққа ие болады. Дәулет аға жұбайы Ғазиза Әжікенқызымен бірге 7 ұл, 3 қыз тәрбиелеп өсірген. Ғазиза апай да соғыс кезінде танк жасау үшін өз қаражатын беріп, соғысқа үлес қосқан жан.

2005 жылы 84 жасқа келген ардақты ақсақал Дәулет Ғұсманов өмірден озады.

Соғыс және еңбек ардагері Дәулет Биғалұлы Ғұсмановтың құжаттарын, соғыстағы жорықтардың белгісіндей «Даңқ» орденін, көптеген медальдерін, майдан даласында түскен фотосуреттерін, марапаттарын 2011 жылы музей қорына қызы Махмудова Балжан Дәулетқызы тапсырған еді. Бүгінде өмірі шежіреге тұнған Дәулет Ғұсмановтың жауынгерлік жолы жас ұрпаққа үлгі болары сөзсіз.





Жадымызда мәңгі жаңғырар



ГАББАСОВ
Мэлыс Кожасович
Восход НОББМ-нің тарих
пәнінің мұғалімі, ҚББП-і,
педагог-модератор
Теректі ауд., БҚО

***Аңдатпа.** Мақалада автор Ұлы Отан соғысына қатысып, сұрапыл соғыста қаза болған атасы – Темірғалиев Ғаббастың еңбек жолы мен ерлігін жазған. Келтірілген мәліметтер мұрағаттан және «Память народа» сайтынан алынған. Мақала өлкетану үйірмесінің ізденушілеріне үлгі алуға бағытталған.*

***Аннотация.** В статье автор изложил трудовую деятельность и подвиг своего дедушки – Темир-галиева Габбаса, который участвовал в Великой Отечественной войне и погиб в сражении. Приведенные данные взяты из архива и сайта «Память народа». Статья направлена для руководителей и педагогов краеведческого кружка.*

***Кілт сөздері:** Темірғалиев Ғаббас (Темирғалиев Гоппас), РФ, Волгоград қаласы, Мамай қорғаны, Қалмақ АССР-і, Черноземель ұлысы, Хулхута ауданы.*

Ұлы Отан соғысы миллиондаған адамның өмірін алып кеткен, талай боздақты қыршынынан қиып, ананы жесір, сәбиді жетім етті. Қанды шайқастарға толы 1418 күн мен түн ешқашанда ұмытылмақ емес. Ол мәңгі есімізде сақталады.

1941 жылы қазақ жерінен қолына қару ұстауға жарағандардың барлығы Ұлы Отан соғысына аттанды. Ержүрек ата-бабалармыздың қан майдандағы Отан қорғау жолындағы ерліктері мәңгілік өшпестей жүрегімізде қалды. Сондықтан қаһарлы соғыстың жүктеген ауыр міндетін қазақ халқы да қасқайып көтеріп алды. Солардың есімін жас ұрпақ есінде мәңгі қалдыру - баршамыздың азаматтық борышымыз. Осы сұрапыл соғысқа әкем Габбасов Қожастың әкесі Темірғалиев Ғаббас та 1941 жылы аттанған болатын. Атам майданға аттанып кеткенде отыз үш жаста болған еді. Оның өмірбаянын зерттеуді өзімнің перзенттік борышым деп білемін.

Темірғалиев Ғаббас 1908 жылы Ба-

тыс Қазақстан облысы (бұрынғы Орал губерниясының Орал уезінің Жұбанышкөл болысының №8) қазіргі Үлкен Еңбек аулында дүниеге келген. Ата-анасы шаруа отбасынан шыққан. Әкесінен бес жасында айырылып, анасымен қалған. 1916 жылдан бастап 1920 жылға дейін сол кездегі Мырзағалиев Мухай деген адамның қойын баққан. 1921 жылы нағашы ағасы Орал қаласындағы балалар үйіне тәрбиеленуге тапсырған. 1921 жылдың 15 сәуірінен бастап Бүкілодақтық Лениндік Коммунистік жастар одағының (ЛКСМ) мүшесі болған, 1924 жылы Орал қаласындағы Педагогикалық техникумға оқуға түсіп, 1928 жылы аяқтаған. Содан бастап:

1928-1930 жылдар аралығында Шалқар ауданында, №11-14 нөмірлі ауылдың бірінші дәрежелі мұғалімі;

1930-1932 жылдары Жәнібек ауданында Аудандық халыққа білім беру бөлімінің нұсқаушысы және де қосымша мұғалім;



1932 жылдан бастап 1933 жылға дейін Орал облысының меңгерушісі, облыстық комитеттің жұмыс жабдықтау бөлімінің бастығы;

1934 жылы Чапай совхозының бірінші төрағасының орынбасары;

1934-1936 жылдары Ілбішін совхозының жұмыс комитетінің төрағасы;

1936-1937 жылдар аралығында Красноярск Приуральный ауданында төраға;

1938 жылы Аңқаты племзаводында арнайы хатшы;

1937 жылдан 15 наурызынан 1938 жылы 22 сәуірінен бастап Ілбішін РИК хатшы;

1941 жылы Аңқаты мектебінде мектеп директорының қызметтерін абыроймен атқарған.

Соғысқа 1942 жылы 1 қаңтарда Чапаев аудандық әскери комитетінен (РВК) аттанған.

Негізі әкем «атаң хабарсыз кетті» деп отыратын. «Память народа» сайтынан таптым. Онда оның қай жерде қайтқанын білдім. Небәрі 8 ай өткен соң сұрапыл шайқаста 1942 жылдың 20 қыркүйегінде қаза тапқан. Жерленген жері Қалмақ АССР, Черноземель ұлысы, Хулхута ауданы. №171 хабарламаның нөмірі, күні 01.01.1943 ж. № 152 бөлімнің атауы Берілген ақпарат ЦАМО, фонд № 58, ақпарат көзі сипаттамасының № 18001, ақпарат көзі ісінің № 1265. Әжеміздің аты-жөні Темирғалиева Хабиба. [1]

Интернет желісінде Ұлы Отан соғысы кезінде Хулхута аймағында қатты шайқастар болғаны жазылған. «Неміс әскерлерінің жазғы шабуылында «А» армия топтары Астрахан бағытында,

1942 жылы 28 тамызда 16-шы моторлы дивизия вермахт (екі моторлы полк, артиллерия полкі және 116 танк батальонының 53 танкі) ауданға шабуылға шықты, нәтижесінде 1942 жылдың 31 тамызында Хулхутаны немістер басып алды. Бұл бүкіл Кеңес-Герман майданында неміс әскерлері басып алған ең шығыс нүктеге айналды.

Сол уақытта Сталинград әскери округінің, резервтермен нығайтылған Жоғарғы Бас Қолбасшылықтың ставкалары құрамында Сталинград майданы құрылды. 28-ші армия (командир – генерал-лейтенант В.Ф. Герасименко), оның бөлімшелері неміс-румьын әскерлерінің Хулхута – Юста поселкелері — Енотаевская станциясы шебінде алға жылжуын тоқтатты. Әрі қарай, Хулхута аймағында алдыңғы шеп тұрақталды. [3]

Ал, 4 қыркүйекте кеңес әскерлері (107-атқыштар полкі және 152-ші дербес атқыштар бригадасы 565-ші танк батальонының қолдауымен және 289-шы шабуылдаушы авиация дивизиясы) шабуылға көшті, оған неміс әскерлері тойтарыс берді. 20 қыркүйекте басталған қайта шабуыл да нәтижесіз аяқталды. Тек 20 қарашада басталған күштердің жалпы қарсы шабуылының нәтижесінде 34-гвардиялық

атқыштар дивизиясының, 152-ші жеке атқыштар бригадасы және 6-шы гвардиялық жеке танк бригадалары 21 қарашадағы ауыр шайқастар барысында 1942 жылы Хулхута босатылды.» [2]

Я, осындай жан алысып, жан беріскен шайқаста - 152-ші жеке атқыштар бригадасының құрамында атам да ерлікпен қаза тапқан...


Бүгінгі таңда атам Темірғали Ғаббастың есімі Ресей мемлекетінің Волгоград қаласында Мамай Курган ескерткішінде жазылған. Осыған дәлел апам Темірғалиева Заида Кеңесқызы, студенттік шағында барып қайтқан. Артында жұбайы яғни әжем және төрт баласы қалған Кеңес, Оқас, Қожас, Серік. Мен өзімнің жанұямда осындай ержүрек батыр тұлға болғанын мақтан тұтамын.

Қазір өзім атамның жолын жалғастырып ұрпаққа өнеге, тәлім-тәрбие беретін үлгілі ұстаз болып жұмыс атқарамын. Атамды ешқашан ұмытпай, балаларыма әрқашан мақтана айтып жүретін боламын.

Тек менің атам емес осы сұрапыл соғыста өз жандарын құрбан етіп, қаза тапқан әрбір адам ұмытылмаса екен деймін. Оларды ұмытпай, ұлықтау – біздің бейбіт кездегі парызымыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <https://pamyat-naroda.ru/>
2. Wikipedia.org
3. Кичиков М.Л. Фашизмді жеңу жолында. Қалмақ АССР тарихының очерктері. Элиста, 1970.
4. Мектеп музейіндегі құжаттар





Теріден жасалатын ат әбзелдері



АМАНОВА

Алуа Табиғатқызы
Хан Ордасы тарихи-мәдени,
архитектуралық-этнографиялық
музей қорығының әдіскері
Бөкей ордасы ауд., БҚО

...Екі тізгін жоқ болса
Ат басын адам бұра алмас,
Екі тартпа жоқ болса,
Ат үстінде тұра алмас.
Екі үзеңгі жоқ болса,
Атқа адам міне алмас.

(Халық жыры)

Аңдатпа. Мақала көшпенді халық үшін орны айрықша, теріден жасалған ат әбзелдеріне арналған. Мақсаты: ат әбзелдерінің ерекшеліктері мен түрлерін, оның ішінде Хан Ордасы музей-қорығында сақталған жәдігерлерді оқырманға таныстыру. Мақаланың негізгі бағыттары: қазақ қолөнеріндегі теріден жасалған бұйымдардың маңызы. Теріден жасалған ат әбзелдері бөліктерінің мәні мен сипаты. Хан Ордасы музей-қорығының қорында сақталған теріден жасалған ат әбзелдеріне сипаттама.

Аннотация. Статъя посвящена конским упряжам, выполненным из кожи, предназначенной для кочевого народа. Цель: ознакомить читателя с особенностями и видами конской упряжи, в том числе экспонатами, хранящимися в музее-заповеднике Хан Ордасы. Основные направления статьи: значение изделий из кожи в казахском ремесле. Сущность и характер частей кожаной упряжи. Описание меховой конской упряжи, хранящейся в фондах музея-заповедника Хан Ордасы.

Кілт сөздері: тері, тоқым, құйысқан, жүген, ер-тоқым, тебінгі, үзеңгі бау, үзеңгі, өмілдірік, айыл, желдік, шылбыр, қамшы.

Қазақ қолөнерінде иленген мал терісі жиі қолданылған. Себебі көшпенді халық үшін теріден жасалған бұйымдардың орны айрықша. Яғни, табиғи терінің денсаулыққа пайдасы, жылулық қасиеті жоғары болғандықтан, теріден әртүрлі киімдер, былғарыдан етіктер тігіліп, сүт өнімдерін сақтайтын сыйымдылығы жоғары, ықшамды ыдыс-аяқтар, ат әбзелдері жасалған. Бабамыз алысты жақын еткен көлігі аттың әбзелдерінің әсемдігіне ерекше көңіл бөлген. Сонымен қатар ат әбзелдерінің ішінен тоқым, құйысқан, өмілдірік, жүген, қамшы сынды бөліктерін теріден жасаған. Оларға күміс әшекей және асыл тастардан көздер тағып, ою-өрнектермен көркемдеген. Ат әбзелдерінің сан алуандығы ертедегі қазақтардың әлеуметтік, экономикалық, қоғамдық жағдайымен тікелей



Сурет 1. 1.Ер-тұрман 2.Тоқым 3.Үзеңгі
4. Желпуіш 5. Қамшы

байланысты. Ел басқарған хандардың, сұлтандар мен билердің өздеріне тән қымбат асыл тастармен көмкеріліп, бағалы металдармен қапталып жасалған ат әбзелдері болған.

Ер-тоқым - көне заман көшпелілерінің дамытқан өнер туындысының бірі деуге болады. Ер-тоқым жасаушы адамды ерші деп атайды. Ерші ер-тоқымды жасау үшін кемінде бір ай уақытын жұмсаған. Қайыңнан шабылған ер былғарымен қапталады. Одан кейін түрлі ою-өрнек салынып, сүйекпен, асыл тастармен, күміспен безендіріледі. Ер-тоқым сыртқы бітімі мен ерекшелігіне қарай: ашамай ер, құранды ер, қазақ ер, қазық бас ер және орыс ер деп бөлінеді.

Тебінгі – ердің қос қапталындағы үзеңгі бауды басып тұратын жұқа жабылғы. Жұмсақ теріден немесе былғарыдан жасайды. Ол тоқым мен үзеңгі бауды терден сақтайды. Мысалы, Махамбет Өтемісұлының жырындағы «... тебінгі терге шірімей, терлігі майдай ерімей...» деген жолдар тебінгінің мазмұнын ашып тұр.

Үзеңгі бау – ердің қапталындағы ойыққа өткізіліп, үзеңгіге бекітілген қайыс бауды айтады. Оны иленген қайыстан екі немесе үш елі етіп тіліп жасайды. Қазақтың ауызекі сөзіндегі: «Үзеңгі бауы сегіз қабат, ат үстінде шіреніп..» деген тіркес тегін айтылмаса керек. Үзеңгі – атқа міну үшін қажет «баспалдақ».

Жүген – аттың басына кигізілетін, атты ырқына бағындыруға көмектесетін әбзел. Жүгеннің құрылымы: желкелік, мильк, кеңсірік, қасқалық, сағалдырық, сулық, ауыздық және тізгін-шылбырдан тұрады. Жүген аттың басына ауырлық келтіретіндей болмауы керек. Құйысқан – аттың үстіндегі ер-тоқымы қия жерде мойнына қарай сырғып кетпес үшін, аттың түп құйрығынан өткізіп, ердің артқы қанжығалығына бекітетін қайыстан жасалатын әбзел. Құйысқанның екі жақтауы және жаңбырлық, салпыншақ атты жылқының сауырын жапқан үзбелері болады.

Өмілдірік – ер артқа қарай сырғып кетпеу үшін, аттың омырауын орай тартылған әбзел. Өмілдірік – төсбау және айылбас салпыншақтардан тұрады. Өмілдірікті жұмсақ қайыстан жасайды. Оған шашақталған баулар салынып, нақышталған өрнектермен әшекейленіп, ортасына дөңгелек ақ тастар орнатылады.

Айыл – ат үстіндегі ер-тұрманды нық ұстап

тұратын, жалпақтығы екі елі қайыс әбзел. Айыл ердің қамшылар жағына бекітіліп, аттың бауырынан өткізіліп, жырымға қосылады. Айылды міндетіне қарай – төс айыл және шап айыл деп бөледі. Кейде алдыңғы айыл немесе артқы айыл деп те атайды. Шап айыл төс айылға қарағанда ұзын болады. Әдетте төс айылды қатты тартып, шап айылды аттың қарнын қиып кетпеу үшін босаң тартады. Халық аузындағы, «Төс айылдың батқанын иесі білмес ат білер, Ағайынның қадірін жақыны білмес жат білер» деген мәтелдің болмысы біздің сөзімізді толықтырып тұрғандай. Айылдың жалпақ таспалы және өрмелі түрлері бар. Өрімшілердің шеберлігіне байланысты өрім түрі – астылы, үстілі, тесік, ойық, қырлы, жалды, өзекті, сайлы болып бөлінеді. Өрім 4 таспадан 12 таспаға дейін өріледі. Өру барысында, айылға шашақ, шоқ, көз, тіл салып әсемделеді.

Желдік – тоқым мен ер қапталының арасына салынатын, былғарымен қапталған екі бөлек киіз. Олар төмен сырғып түспеуі үшін екі жерінен тесіп, қайыс тағып байлайды. Ол аттың арқасына ердің оқпаны тиіп, батпауы үшін салынады.

Тоқым – ердің аттың арқасына батпауы үшін салынатын төсеніштің бір түрі. Ол көбіне киізден сырылып жасалады. Кейде киіз тоқымның жиегін шұға немесе барқыт сияқты



Сурет 2. 1.Жүген 2.Айыл 3. Шылбыр

маталардың бірімен көмкеріп, сыртын түгелдей калың былғарымен қаптайды. Сырма тоқым мен көмкерме тоқымды көбінесе әйелдер жасайды да, ал былғары тоқымды шебер ерлер жасайды. Тоқымның көлемі де, пішілу үлгісі де әртүрлі болады. Әйелдерге арналған тоқымдар – үлкен, әшекейі көп, ал ерлердің тоқымдары ыңғайлы, шағын болады.

Шылбыр – атты байлау үшін, нокта не жүгеннің сулығына тағылатын жіңішке, қылдан есіп жасалған жігі немесе жалпақ қайысты қазақтар осылай атайды.

Қамшы «ат жүргізгіш» деп те атайды. Өйткені қамшыны негізінен атты жүргізу үшін қолданады. Ал керек болған жағдайда оны қару ретінде де пайдаланады. «Қамшыдан үлкен қару жоқ, қолыңда жүріп білінбес» деген сөз соны меңзесе керек.

Қазіргі кездегі автомашиналардың маркасы іспетті, қазақ бейтаныс жолаушыны аттан түскенде-ақ киген киімінен, мінген атына қарап қай рудан екенін тани білген. Тіпті аттың жамбасына күйдіріп басқан таңбасы мен ат әбзелдерінде әр шебердің өз қолтанбасы болады. Оңтүстіктің ерінің қасы биік, шошақ болса, Сарыарқа ерінің басы дөңгеленген, биік болмайды. Ал, батыс өңірінікі жалпақ кең, ұзақ


отырғанда жайлы болып келген.

Екі ғасырдан астам тарихы бар, іргетасын XIX ғасырда Жәңгір хан қалап кеткен Хан Ставкасының шығыс бөлігінде орналасқан «Қару-жарақ палатасы музейінде» қонақтардың назарын аударатын жәдігер – 2001 жылы Алматы қаласының тұрғыны Жансейітова Айжан-Сарадан алынған қыз балаларға арналған көне, қоңыр былғарымен қапталып, қатты ағаштан жасалған сәнді ер-тұрман. Ер-тұрман құрамында жіңішке былғары белдіктерге бекітілген төңкерілген тәж түріндегі толқынды төменгі бөлігі бар, гүлді өрнектермен безендірілген, күміс және алтын жалатылған – үзеңгі; екі бұрышы кесілген төртбұрышты киізден жасалып, алтын жалатылған, төрт үлкен таспалар және бұрышында тастары, бес қара көзі бар қоңыр былғары – тоқым; толығымен алтын жалатылып, күміс таспалармен безендірілген тұзу темір жолақтары бар былғары – жүген; тікбұрышты былғары белдікше, бүйірлерінде екі тоғамен безендірілген, алтын жалатылып үлкен күміс таспалар тағылған, ортасы былғарыдан жасалған, өсімдік пішінді ою-өрнегі бар сәндік шегелермен бекітілген – айыл; төрт ұзын лентасы бар былғарыдан жасалып, ақық тасы бар гүл пішініндегі үш ілмекпен жылжымалы түрде жалғанған – өмілдірік; астыңғы жағы сергек кірістірулері және қарапайым гүл түріндегі екі таспамен бір-бірімен байланысқан былғарыдан тұратын – құйысқаны шебер жасалуымен экспозициядан ерекше орын алып тұр.

Ата-кәсібімізге байланысты құрал-саймандарға халқымыз жай ғана еңбек құралы деп емес, өнер туындысы ретінде де қараған. Ертеде ата-бабаларымыз ат үстінде жүріп, ұлан-байтақ жерімізді қорғаған. Сондықтан ел аузында «Тұлпар ерді сақтайды, ер жерді сақтайды» деген сөз содан қалған.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Тохтабаева Ш.Ж. Қазақтың зергерлік өнері/ Ш.Ж. Тохтабаева-Алматы, 2011; 384 б.
2. <https://aqmeshit-zhastary.kz/maedeniet/qazaqtyng-qoloeneri-oeshpes-qundylyghymyz-66665/?ysclid=m99uin7xdc370230362>
3. Хан Ордасы музей-қорығы қорындағы №5 тіркеу кітабы.



Сурет 3.1.Өмілдірік, 2.Құйысқан



Мектеп музейлері қызметінің түрлері мен негізгі бағыттары. Музейлерді орналастыру, жобалау және құжаттау.



ЖҰМАБАЙ
Батырхан Еликович
ҚР Ұлттық музейінің
аға ғылыми қызметкері,
«Этнограф-өлкетанушылар»
үйірмесінің жетекшісі,
Астана қ.

***Аннотация.** Бұл мақалада музейдің, соның ішінде мектеп музейінің білім беру мен тәрбиелеу үдерісіндегі маңызы жан-жақты қарастырылады. Музейлер – тарихи-мәдени мұраларды жинақтап, сақтап, келер ұрпаққа жеткізетін ғылыми және рухани мекемелер екені баяндалады. Мектеп пен музей арасындағы байланыс оқушылардың патриоттық тәрбиесі мен азаматтық сана-сезімін қалыптастыруда ерекше рөл атқаратыны көрсетілген. Сонымен қатар мектеп музейінің құрылымы, міндеттері, жұмыс түрлері мен мазмұны, басқару тәртібі нақты сипатталып, мемориалдық музейлерге де ерекше тоқталады. Мәтін мектеп музейін ұйымдастыру мен жүргізу жолдарын түсінуге көмектесетін әдістемелік бағыт береді.*

***Аннотация.** В статье всесторонне рассматривается значение музеев, особенно школьных, в процессе образования и воспитания. Раскрывается роль музеев как научных и духовных учреждений, сохраняющих историко-культурное наследие и передающих его будущим поколениям. Особое внимание уделено взаимодействию школы и музея в формировании патриотических чувств и гражданского самосознания учащихся. Подробно описывается структура, функции, формы работы школьного музея, а также порядок управления и значение мемориальных музеев. Текст служит методическим пособием для организации и ведения школьной музейной деятельности.*

***Кілт сөздері:** музей, мектеп музейі, жәдігерлер, патриоттық тәрбие, мәдени-ағарту жұмысы, ғылыми-зерттеу жұмысы, оқушылармен жұмыс.*

Музей дегеніміз – табиғи, тарихи, материалдық және рухани мәдениет ескерткіштерін жинау, тану, сақтау және пайдалану орны. Мұнда жәдігерлермен қатар халық өмірінің бетбұрыс кезеңдерінде халықты жетелеген атақты адамдар пайдаланған құрал-саймандар, киім-кешек және басқа да бұйымдар қойылған. Музей ол көрме емес. Музей материалдық және рухани мәдениеттің негізгі сақтаушылары ретінде халықтың тарихи-мәдени мұрасын келешек ұрпаққа жеткізуді қамтамасыз етеді.

Егеменді еліміздің басты міндеттерінің бірі – заман талабына сай мамандарды қалыптастырып,

даярлау ғана емес. «Басты міндет» - біздің қоғамымыздың идеялық-тәрбие жұмысын әр азаматтың (оқушының) жүрегіне жеткізу.

Бүгін мектеп партасында отырғандар ертең бүкіл республиканың әлеуметтік-экономикалық, мәдени, саяси мәселелері мен міндеттерін шешеді, сондықтан олар мектеп қабырғасында жан-жақты кәсіби дайындықтан өтуі керек. Осы орайда оқушылардың азаматтық, отансүйгіштік сезімін, жоғары адамгершілік талаптары мен эстетикалық талғамын, ғылыми көзқарастарын қалыптастыруда мектеп пен музей арасындағы қарым-қатынастың маңызы зор.

Музей мен мектептің байланысы қандай? Бұл сұраққа жауап беру үшін алдымен жалпы музей қызметін талдап көрейік.

Музейдің адамзат өмірінде материалдық және рухани мәдениетті қалыптастыруы, зерттелуінде және кеңінен танылуында маңызы зор. Атап айтқанда, ұлттық, мәдени, азаматтық, әскери, еңбек жетістіктерін, әдет-ғұрып, салт-дәстүрді зерттеуге үлкен көмек. Патриоттық сезімін оятып, Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелейді.

Музей – өнер туындылары мен көне ескерткіштерді, табиғат пен адам үлгілерін жинақтап, сақтайтын, көпшілікке танытатын және осы мұраны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізе отырып, қоғам мүшелерін осы негізде тәрбиелейтін ғылыми, мәдени және рухани мекеме. Сондықтан бүгінде әлемде музейі жоқ мемлекетті табу мүмкін емес.

Мектеп пен музей бірін-бірі толықтырып, жас жеткіншектің қалыптасуында үлкен жетістіктерге жетеді. Музейде оқушылар мен студенттермен жұмыс өте маңызды. Мұндай жұмыстар оқушылардың ой-өрісін кеңейтіп, жас жеткіншектің азаматтық ой-өрісін дамытып, студенттерді ғылыми-зерттеу жұмыстарын меңгеруге дағдыландырады.

Себебі, музей жұмысының түрлері өте көп. Атап айтсақ:

- музей жұмысын ұйымдастыру үшін экспонаттар жинау;
- басқа музейлермен және мемлекеттік органдармен өзара әрекеттесу;
- экспедицияларда тарих және мәдениет ескерткіштерін аралау, археологиялық қазбалар жүргізу, табылған ескерткіштерге мұқият қарауға үйрету;
- жеке құбылысты бақылау, сол арқылы шыдамдылыққа үйрену;
- әртүрлі іс қағаздарын, күнделіктерді, жинақтарды жүргізу;
- көрмелерге қатысу;
- конференциялар, кештер, кездесулер, байқаулар, ашық сабақтар ұйымдастыру;
- халық арасында ауызша ақпарат жинау - оқушыларды әртүрлі әлеуметтік топтармен қарым-қатынас жасауға үйретеді;
- музей заттарын (жәдігерлерін) сақтау және қорғау оқушыларды жауапкершілікке, ұқыптылыққа үйретеді.

Мектеп музейлері Қазақстанның музейлер жүйесін толықтырады. Мектеп музейіндегі жәдігерлерді сақтау, қорғау, экспозиция жасау жалпы музей жұмысының талаптарына сай болуы керек. Дегенмен, басқа музейлерге қарағанда мектеп музейлері қызметі мектептің тәрбие жоспарымен тікелей байланысты. Мектеп музейінің жұмысы мектеп өмірімен тікелей байланысты.

Маңызды мәселе – мектеп музейінің мақсатын, олардың қызметін, ғылыми-білім беру бағытын дұрыс анықтау. Мектеп музейі ұсынған ақпараттың сенімділігі оқушылардың алған білімдерін растайды. Ал бұл ақпарат әсіресе жас адам үшін өте құнды. Мектеп музейі жастардың саяси, кәсіби білімін, көркемдік-эстетикалық талғамын дамытуға, өз бетінше жұмыс істеу қабілетін шындауға өз үлесін қосады.

Мектеп музейі – бұл белгілі бір тақырыпқа біріктірілген, жинақталған және жүйеленген, заманауи ережелерге сәйкес сақталған өткен тарих, мәдениет және табиғат ескерткіштерінің жиынтығы.

Мектеп музейінің қорында сақталған тарих, мәдениет және табиғат ескерткіштері мемлекет меншігі болып табылады және Қазақстан Республикасы Ұлттық музей қорының құрамына кіреді және «Ұлттық музей туралы ереженің» негізінде қорға есепке алынуға және сақтауға жатады.

Білім мекемелеріндегі музейдің негізгі міндеттері:

- туған өлке тарихын үйрену арқылы Отанға деген сүйіспеншілігін, тәуелсіз Қазақстанда тұратын халықтардың салт-дәстүрі мен мәдениетін, тарихи ескерткіштерге, мәдениет пен табиғатқа деген сүйіспеншілікті тәрбиелеуде музей заттарын жинап, сақтау;
- тарих, мәдениет және табиғат ескерткіштерін танымал ету;
- оқушылар мен тұрғындар арасында мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізу.

Мектеп музейінің жұмысы мен түрі. Мектеп музейі өз жұмысында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, «Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін музейлер туралы ережені» және оның Жарғысын басшылыққа алады.

Музей меңгерушісі немесе үйірме жетекшісі келесі жұмыстарды орындайды: музей жұмысының

тақырыбына сәйкес тарихи әдебиеттерді және басқа да дереккөздерді зерттейді;

- тұрақты іздестіру (туристік сапарлар, саяхаттар, экспедициялар және т.б.) арқылы музей қорын тұрақты толықтырады;

- музей заттарының сақталуын қамтамасыз ету, оларды музейлік есепке алуды жүргізу;

- музей экспонаттарын жаңарту және тұрақты көшпелі көрмелер ұйымдастыру;

- оқушылар мен келуші қонақтар арасында экскурсиялар өткізу;

- музей қорларын оқу-тәрбие жұмыстарына пайдалануға көмектесу.

Мектеп музейін құру кезінде оқушылардың шығармашылық ізденіс, зерттеу және жинақтау нәтижелерін қадағалау, студенттердің мәдени-ағарту жұмыстарын, жүйелі ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізе білуі арқылы сонымен қатар мектеп басшының және педагогикалық ұжымның осы жұмысқа белсене қатысуы арқылы ғана мектептегі музей жұмысын ұйымдастырып, басқаруға болады.

Мектеп музейінде төмендегідей бөлімдер болуы мүмкін:

а) тарихи:

- мектеп тарихы, ауыл тарихы,

- археологиялық;

- Қазақстанда тұратын халықтардың этнографиялық дәстүрлері мен тұрмысына арналған;

- естеліктер, тарихи оқиғаларға арналған ғимараттар;

- көрнекті тұлғаларға, батырларға, соғыс және еңбек ардагерлеріне, мектеп түлектеріне арналған мемориалдық тақта;

б) аумақтық кешен;

в) географиялық, экологиялық;

г) әдеби;

д) өнер;

д) қолданбалы халық өнері;

г) театрландырылған;

з) музыкалық.

Мектеп музейін ашу мәселесін аудандық, қалалық білім бөлімдерімен келісе отырып педагогикалық кеңес шешеді және мектеп директорының бұйрығымен бекітіледі.

Музей жұмысы жалпы жиналыста сайланған мұражай кеңесі (музей белсенділері) басқарады.

Оның сандық құрамы музей жұмысының ауқымына байланысты. Музей жұмысын мектеп директорының бұйрығымен тағайындалған оқытушы басқарады.

Тарихи ескерткіштерді, мәдениет және табиғат ескерткіштерін музей қорына енгізу мәселесін «мұражай кеңесі» өз отырысында шешеді. Бұл жұмыс мемлекеттік музейлердің, мұрағаттардың және басқа да ғылыми мекемелердің мамандарының қатысуымен жүзеге асырылады. Кеңес алдағы және күнделікті жұмыс жоспарларын, даму жоспарларын талқылайды және бекітеді. Музей жетекшісінің атқарылған жұмыстарының есептерін тыңдайды. Музейдің дамытудағы негізгі мәселелері талқылайды. Ұстаздардың ұйымдастырған мектептегі музей сабақтарына қатысады.

Музей жұмыстарын ұйымдастыру мақсатында музей жетекшісі мен кеңес мүшелерінің қадағалауымен ғылыми-зерттеу, хат алмасу, жөндеу, экскурсиялық, лекциялық, көрмелік-сәндік, көркем шығармашылық ұжымдары құрылуы мүмкін.

Мектептегі музейге көмектесу үшін арнайы топ құрылады. Оның құрамына мұғалімдер, мемлекеттік музейлердің, архивтердің, жергілікті тарихи-мәдени ескерткіштер мен табиғатты қорғау бөлімдерінің өкілдері, сондай-ақ еңбек, соғыс ардагерлері, ата-аналар және т.б. енгізіледі.

Мектеп музейінің жұмысына жалпы басшылық пен бақылауды аудандық, қалалық, облыстық оқу орындары жүзеге асырады. Олар мектеп музейінің әдістемелік және ұйымдастыру орталығы болып табылады.

Мектеп музейлеріне әдістемелік көмекті аудандық, қалалық, облыстық, Республикалық музейлер мен Мемлекеттік архивтер көрсетеді.

Қордың сақталуын және есепке алынуын қамтамасыз ету.

Барлық жиналған материалдар мектептің музейінің қорын құрайды. Олар білім бөлімімен куәландырылған түгендеу кітабына (тарих, мәдениет, табиғат ескерткіштерінің түпнұсқалары) және қосымша ресурстарға енгізілген.

Музей қорының сақталуы мен ұйымдастырылуы мектеп директорына жүктеледі.

Ерекше ғылыми, тарихи және көркемдік маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштері

(оның ішінде ордендер мен медальдар немесе басқа да құнды заттар, жәдігерлер) және мектеп музейінде сақтауға болмайтын заттар музей қорына енгізілмейді және олардың фото-суреттері немесе көшірмелері ғана қойылады.

Мектеп музейі таратылған немесе жабылған жағдайда, барлық жәдігерлер мен қор материалдары білім беру және мәдениет мекемелерінің тапсырысы бойынша мемлекеттік аудандық, қалалық, облыстық музейлерге аударылады.

Мемориалдық музей мектеп музейлері ішінде ерекше орын алады. Қазіргі музей ісінде бұл музейлердің маңызы туралы әртүрлі көзқарастар бар. Кейбір зерттеушілер мемориалдық музей дегеніміз – ол жасалған жерге еш қатысы жоқ адамның немесе оқиғаның ескерткіші дейді. Кейбіреулер бұл анықтама толық емес, ол мемориалдық музейлердің бір қырын, жеке тұлғаның оқиғамен байланысын ашады деп есептейді. Көптеген мемориалдық музейлер тарихи оқиғалар орнында, ғимараттарда ұйымдастырылып, белгілі қайраткерлер мен тұлғалардың өмірі мен қоғамдық қызметі туралы тікелей ақпарат береді. Сонымен қатар жеке бөлмеде құрылған және тек осы адам пайдаланған заттарға негізделген музейлерде бар.

Жалпы, мемориалдық музей – тарихи орында (үйде, пәтерде, ісшара өтетін жерде және т.б.) ұйымдастырылған және оқиғаға немесе адамның өміріне тікелей қатысты мемориалдық заттар жиынтығын қамтитын жеке адамға немесе оқиғаға арналған музей. Бұл анықтама теориялық музейтануда кеңінен қолданылады. Мемориалдық музейдің ең басты мақсаты – шынайы тарихты қалпына келтіру және насихаттау.

Мемориалдық музейлер бірнеше топқа бөлінеді:

Бірінші топ – толық сақталған мемориалдық ғимаратта, бүтін мемориалдық құрал-жабдықтармен жабдықталған. Мұндай музейлерді мемориалдық музейлердің эталоны деуге болады.

Екінші топ бастапқы күйінің өзгеруіне байланысты қалпына келтірілген және толық емес құрал-жабдықтармен жабдықталған ғимаратта орналасқан.

Үшінші топ – түпнұсқасы жоғалып кеткендіктен кейбір заттардың көшірмелері толық қайта қалпына келтірілген ғимараттағы музей.

Төртінші топ – интерьері ғылыми реконструк-

циялау нәтижесінде жасалған қайта құрылған ғимаратта орналасқан музейлер.

Ендеше, мектеп музейлері ұрпақтың патриоттық сезімін оятатын, отансүйгіштікке тәрбиелейтін, оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп, ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне итермелейтін орталық болып табылады. Сондықтан мектеп музейлерін ұйымдастыру үлкен көңіл бөлуді қажет ететін шара.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1) Айтмұхамбетова, Б. Ж. «Мектептегі музей – тәрбиенің қайнар көзі». // Ұлағат журналы, №4, 2021.
- 2) Әбдіжаппарова, С. «Мектеп музейі – тәрбие мен білімнің негізі». // Білім берудегі жаңалықтар, №2, 2020.
- 3) Байтұрсынова, Р. «Мемориалдық музейлердің маңызы». // Мәдени мұра, №1, 2022.
- 4) Ибраева, Г. «Этномәдени тәрбие және музей». // Мектеп және музей байланысы. — Алматы: Дарын, 2017.
- 5) Камалов, Н. Музей педагогикасы: Оқу құралы. — Алматы: Қазақ университеті, 2020.
- 6) Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы» Заңы. — Астана, 2006.
- 7) Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. — Астана, 2007.
- 8) «Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін музейлер туралы ереже». — ҚР БҒМ, 2014.
- 9) Қалмырзаев, Ш. Мектеп музейі: теориясы мен практикасы. — Алматы: Рауан, 2019.
- 10) Қазақстан тарихы: Энциклопедиялық анықтамалық / Бас ред. Б. Аяған. — Алматы: Атамұра, 2006.
- 11) Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі. Ресми сайты: www.nationalmuseum.kz
- 12) Lowenthal, D. The Past is a Foreign Country. — Cambridge: Cambridge University Press, 1985.
- 13) Смайылова, Ә. «Тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтау». — Астана: Фолиант, 2018.
- 14) Тұяқбаев, А. «Музей және мектеп арасындағы байланыс». // Тәрбие құралы журналы, №3, 2021.
- 15) ЮНЕСКО. Museum and School: Partnership in Heritage Education. — Paris, UNESCO Publishing, 2016.



Табиғатпен үндескен тәрбие ордасы



БЕЛГИЕВ
Қанағат Қапетұлы
Бәйтерек ЖТС-ның өлкетану
бөлімінің меңгерушісі,
«Балалар туризм және экология»
музейінің жетешісі,
Бәйтерек ауд., БҚО

Введите текст

***Аңдатпа.** Мақалада Бәйтерек ауданы «Жас туристер станциясы» ғимаратында орналасқан «Балалар туризмі және экология» музейі туралы жазылған. Музей алаңында ұйымдастырылған іс-шаралар мен тыныс-тіршілігіне шолу жасалып, музей мен өскелең ұрпақ арасында тәрбиенің негізгі көпірі ретінде қарастырылған. Оқушылар үшін музей орны, бұл – тәрбиенің, танымның, ұлттық сана мен мәдениеттің көзіне айналған ерекше орта екендігі көрсетілген*

***Аннотация.** В данной статье рассказывается о музее «Детского туризма и экологии», расположенном в здании «Станция юных туристов» района Бәйтерек. Даны обзор мероприятий, проводимых на музейной площадке, и описана его деятельность. Рассматривается роль музея как основного моста воспитания между подрастающим поколением и историей. Отмечено, что для школьников музей является особым пространством, превращённым в источник воспитания, познания, национального сознания и культуры.*

***Кілт сөздер:** музей, балалар туризмі, экскурсия, тәрбие көзі.*

Бүгінгі таңда өскелең ұрпақтың бойында табиғатқа деген сүйіспеншілік пен елге, жерге деген құрметті қалыптастыру – білім беру саласындағы маңызды бағыттардың бірі. Осы мақсатта еліміздің түкпір-түкпірінде түрлі экологиялық және туристік жобалар жүзеге асырылып келеді.

Солардың бірі – Бәйтерек ауданы білім беру бөлімінің Жас туристер станциясы және оның жанынан құрылған Балалар туризмі және экология музейі. Музейі ісі - қосымша білім берудегі тәрбиенің бір түрі болып табылады. Ол оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, белсенділігін, өзіндік жұмысын дамытуға бағытталған. Музей материалдарды жинау, зерттеу, өңдеу, рәсімдеу және тәрбиелік-танымдық құндылығы бар мәліметтерді насихаттау үдерісінде жүзеге асады. Бұл музей 1960 жылдан

бастап осы күнге дейінгі өңірлік туризмнің даму тарихының беттерін қайта жаңғыртуда. Музейдің қызметін ұйымдастыру көптеген заңнамалық актілерге сүйенеді, олардың ішінде оқушылардың патриоттық тәрбиесі мен қоршаған ортаны қорғау мәселелері де қарастырылған.

Тарихи оқиғаларға бай Бәйтерек ауданы – ежелден зерттеушілер мен ғалымдардың назарын өзіне аударған өңір. Бүгінгі таңда да аймақтың тарихына, табиғатына деген қызығушылық бәсеңдеген емес. Ауданның Еуропа мен Азия шекарасында орналасуы, мол су ресурстары балалар мен ересектер туризмін дамытуда шексіз мүмкіндіктер ұсынады. Аталған музей 2018 жылы 1 маусымда Астана қаласының 20 жылдығына орай ашылған болатын. Бүгінде бұл музей туризм мен табиғатқа деген сүйіспеншілікті ұштастыратын нағыз тәрбие мектебіне айналды.

Музейдің экология және геология залы – аудан табиғатын танытатын көрнекті алаң. Мұнда келушілер ғасырлар қойнауынан сыр шертетін ерекше жәдігерлермен таныса алады. Олардың ішіндегі ең маңыздысы – 2016 жылы аудан аумағынан табылған ихтиозавр сүйегі. Ұзындығы 6 метрге жуық алып теңіз жануарының жасы 150 миллион жылдан асады. Бұл жаңалықты алғашқылардың бірі болып О.Субботина жетекшілік ететін «Жас туристер станциясы» үйірмесінің оқушылары ашқан болатын. Қазба жұмыстары 2018 жылы толық аяқталып, сүйек музейге қойылды.

Біздің орталық (жас туристер станциясы) өз жұмысын 1960 жылдары бастады. Уақыт өте келе орталық атауын өзгертіп, бірнеше даму кезеңдерінен өтті. Бір ұрпақтың орнын келесі ұрпақ басты. Қызықты, мазмұнды, тәрбиелік мәні жоғары жолдан өтті.

Музей қызметінің негізгі бағыттары:

а) ғылыми негізделген, көркем-эстетикалық тұрғыда безендірілген тақырыптық экспозиция құру;

б) музей экспозициясын бұқаралық-ағартушылық жұмыстарда пайдалану;

в) музей қорын толықтырып, құжаттамасын тұрақты жүргізу.

Музейдің басты мақсаты – оқушылардың азаматтық-патриоттық қасиеттерін қалыптастыру, дүниетанымын кеңейту, танымдық қызығушылықтарын дамыту, ізденіс-зерттеу дағдыларын меңгерту арқылы қосымша білім беру арқылы оқу үдерісін жетілдіру.

Негізгі міндеттері:

- Қазақстан Республикасының музей қорын қалыптастыруға, оны сақтау мен тиімді пайдалануға қатысу;

- Тарихты зерттеу, экспонаттар жинау және сақтау арқылы туған жерге, оның салт-дәстүрі мен мәдениетіне деген сүйіспеншілік пен құрметке тәрбиелеу;

- Оқушыларды музей ісі мен экскурсия ұйымдастыру негіздерімен таныстыру арқылы ерте кәсіби бағдар беру;

- Жас туристердің өзін-өзі танытуына, шығармашылық қабілеттерін дамытуына жағдай жасау, еңбек дағдыларын қалыптастыру;

- Баланың жеке қабілетін ашу, өзін-өзі тәрбиелеу, рухани және моральдық құндылықтарды түсінуіне жағдай жасау;

- Ізденіс жұмыстары барысында этикалық нор-

маларды сақтау, туған өлке мен жалпы Қазақстан тарихына терең құрмет сезімін қалыптастыру.

Музей экспозициясында өңірдегі туризмнің дамуының маңызды кезеңдерін ашып көрсететін түпнұсқа материалдар жинақталған. Музей оқушылардың әдебиеттермен, анықтамалармен, архив құжаттарымен жұмыс істеуін, бақылау мен сараптама жасауды, жобалық-зерттеу жұмыстарын қорғауды дамытуды көздейді. Сонымен қатар, оқушылардың қоғамдық пайдалы істерге белсенді қатысуы: әскери даңқ орындарына саяхат, археологиялық қазбаларға қатысу, табиғат пен өлкетану экспедициялары, шығармашылық конкурстар мен спорттық жарыстар ұйымдастырылады.

Музей жұмысын музей кеңесі басқарады. Кеңестің қызметін музей жетекшісі үйлестіреді. Оқушылар белсенділерін тарта отырып, кеңес:

- музей қорын толықтыру мақсатында жинақтау жұмыстарын бағыттады;

- қордағы материалдарды есепке алып, сақталуын қадағалайды;

- музей экспозициялары бойынша экскурсиялар ұйымдастырады;

- жылдық жұмыс жоспарын жасайды және

- жұмыс нәтижесі бойынша басшылыққа есеп береді.

Музей жұмысына өлкетану үйірмелерінің оқушылары мен музей ісінің ардагерлері белсенді түрде тартылады. Олардың бай тәжірибесі мен білімі – тарихи және спорттық дәстүрлерді сақтау мен сабақтастықты жалғастыруда маңызды рөл атқарады. Іс-шаралар мен жетістіктеріне тоқталсам, жас туристер станциясы мен музей бірлесіп жыл сайын түрлі деңгейдегі іс-шаралар ұйымдастырады. Экологиялық марафондар, жас өлкетанушылар форумдары, туризм жарыстары мен жаяу экспедициялар арқылы балалар тәжірибелік білім алып, өзара бәсекелестік пен ынтымақтастықты үйренеді.

2025 жылғы 10 қаңтарда Бәйтерек ауданы білім беру бөлімінің «Жас туристер станциясы» базасында ерекше форматтағы жанды сабақ ұйымдастырылды. Сабаққа аудан мектептерінің 7–8 сынып оқушылары қатысты. Шара «Туризм және экология» музейінде өтті және оның басты мақсаты – оқушылардың экологиялық сауаттылығын арттыру, табиғатқа деген сүйіспеншілігін қалыптастыру және рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу болды.

«Білім мен табиғат үйлесімі» сабағы

Жанды сабақ барысында оқушылар музей экспозицияларымен танысып қана қоймай, арнайы дайындалған танымдық тапсырмаларды орындады. Бұл тапсырмалар арқылы олар экожүйе құрылымын, табиғи байлықтардың сақталу маңызын, экологиялық мәселелер мен оларды шешу жолдарын түсінді. Мұндай тәжірибе балалардың ойлау қабілетін дамытып, табиғатқа деген жанашыр көзқарасын оятты.

Іс-шара соңында мұғалімдер өз пікірлерімен бөлісті. Олар жанды сабақтың оқушыларға жаңа әсер, тың білім беріп қана қоймай, олардың бойында жауапкершілік пен адамгершілік қасиеттерді дамытқанын атап өтті. «Табиғатты сүю – Отанды сүюмен тең. Бұл сабақ балалардың ішкі жан дүниесіне әсер етіп, табиғатпен рухани байланыс орнатуға мүмкіндік берді,» – деді жетекші мұғалімдердің бірі.

«Рухани тәрбие – басты басымдық» сабағы

Жанды сабақтың ерекшелігі – тек білім беру емес, оқушылардың жүрегіне жол тауып, табиғаттың қадірін ұғындыру, қоршаған ортаға деген қамқорлықты ояту. Мұндай сабақтар арқылы жас ұрпақ тек туристік-экологиялық білім алып қоймай, ұлттың рухани-адамгершілік негіздерін де бойына сіңіреді.

«Жас туристер станциясы» ұйымдастырған бұл жанды сабақ – тәрбиелік мәні терең, мазмұны бай шара болды. Табиғат аясында өткізілген мұндай сабақтар жас ұрпақты табиғатты сүюге, елін құрметтеуге және саналы азамат болуға тәрбиелейді.

2024 жылдың 9-11 желтоқсан күндері Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Балалар мен жасөспірімдер туризм және экология облыстық орталығының ұйымдастыруымен «Мектеп музейінің білім беру кеңістігіндегі рөлі» тақырыбында облыстық семинар өткізілді. Семинарға облыс бойынша музей жетекшілері мен мұғалімдер қатысып, білім беру мен тәрбиелеу үрдісіндегі музейлердің маңызы мен әлеуетін жан-жақты талқылады.

Практикалық сабақ – тәжірибе алмасу алаңы

Семинардың екінші бөлімі практикалық сабақтарға арналды. Бұл кезең Бәйтерек ауданы білім беру бөлімінің «Жас туристер станциясы» жанындағы Туризм және экология музейінде және Қ.Аманжолов атындағы жалпы орта мектебінің Әскери даңқ музейінде өтті.

Туризм және экология музейінде қатысушылар музей экспозициясымен танысып, оқушыларға

арналған танымдық тапсырмалар мен интерактивті әдістердің қолданылу барысын көрді. Музейдің білім берудегі қызметі, экологиялық тәрбиедегі рөлі және туризм арқылы оқушылардың тұлғалық дамуына қосар үлесі жан-жақты көрсетілді.

Ал Қ.Аманжолов атындағы мектептегі Әскери даңқ музейінде әскери-патриоттық бағыттағы жұмыстар таныстырылып, оқушылардың Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру жолдары, тарихи жадыны сақтау мен батырлық рухты насихаттау жөніндегі тәсілдер ортаға салынды. Музей жетекшілері өз тәжірибелерімен бөлісіп, келушілерге экскурсия өткізу әдістері, экспонаттарды жинақтау және таныстыру, музей сабақтарын ұйымдастыру бойынша практикалық кеңестер берді.

Музей – тәрбие мен білімнің алтын көпірі

Семинар барысында қатысушылар мектеп музейінің жас ұрпақты рухани-адамгершілік, патриоттық, тарихи және экологиялық тәрбиелеудегі маңызды құрал екенін атап өтті. Музей – бұл тек заттар қойылған орын ғана емес, ол – тәрбиенің, танымның, ұлттық сана мен мәдениеттің көзіне айналған ерекше орта.

Семинарға қатысушылар үшін бұл шара тәжірибе алмасу, жаңа әдіс-тәсілдерді көру және өз жұмыстарын жетілдіру жолында үлкен серпін берді.

Облыстық семинар – білім беру саласындағы инновациялық ізденістер мен практикалық тәжірибені ұштастырған маңызды алаң болды. Мектеп музейлерінің рөлін арттыру арқылы жас ұрпаққа сапалы білім беріп қана қоймай, олардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіруге, елге, жерге деген құрметті тәрбиелеуге үлкен үлес қосуға болады.

Станция тәрбиеленушілері облыстық және республикалық сайыстарда жүлделі орындар иеленіп келеді. Мұғалімдер мен жетекшілер өз істеріне жанашырлықпен қарап, әр баланың қызығушылығын арттыруға барынша жағдай жасайды.

Бәйтерек ауданының Жас туристер станциясы мен Туризм және экология музейі – тек білім ордасы ғана емес, сонымен қатар табиғатты сүю мен туған жерге деген құрметті қалыптастыратын рухани орта. Бұл мекеме арқылы балалар туған өлкенің табиғатын танып, оны қорғауға үлес қосудың маңызын түсінеді. Мұндай орталықтардың жұмысы – келешек ұрпақтың табиғатпен үйлесімді өмір сүруіне берілетін сенімді кепіл.



ШАЯХМЕТОВА
Галина Мячеславновна
методист ЦДЮТК,
академик МАДЮТК
им.А.А.Остапца-Свешникова
г.Астана

Формы совершенствования туристско-краеведческих компетенций педагогов дополнительного образования



Аннотация. В данной статье автором представлен опыт работы ГККП «Центр детско-юношеского туризма и краеведения» акимата г. Астаны по организации различных форм повышения профессионального мастерства педагогов дополнительного образования детей, дано краткое описание структуры и содержания курсовой подготовки по программе «Инструктор детско-юношеского туризма», программы проведения учебно-тренировочных сборов. Автор обосновывает туристско-краеведческую деятельность как уникальную модель воспитания личности и необходимость для ее реализации наличия профессиональных кадров.

Аңдатпа. Мақалада автор Астана қаласы әкімдігінің «Балалар мен жасөспірімдердің туризм және өлкетану орталығы» МКҚК балалардың қосымша білім беру педагогтерінің кәсіби шеберлігін арттырудың түрлі нысандарын ұйымдастыру бойынша жұмыс тәжірибесін ұсынған. «Балалар мен жасөспірімдердің туризм нұсқаушысы» бағдарламасы бойынша курстық даярлықтың құрылымы мен мазмұнына, оқу-жаттығу жиындарын өткізу бағдарламасына қысқаша сипаттама берді. Автор мақалада туристік-өлкетану қызметін жеке тұлғаны тәрбиелеудің бірегей моделі және оны іске асыру үшін кәсіби мамандардың болуы қажеттілігін меңзейді.

Ключевые слова: туристско-краеведческая деятельность, сакральные объекты, организационно-педагогические условия, компетентный подход, модульный принцип построения.

Современное дополнительное образование детей туристско-краеведческого и экологического направлений является необходимым компонентом полноценного общего образования, оно социально востребовано как образование, органично сочетающее в себе все ступеньки формирования личности – воспитание, обучение и развитие.

Актуальность развития системы дополнительного образования обусловлена обновлением содержания образования, новыми стратегическими ориентирами и механизмами воспитания детей, которые отражены в Законе «Об образовании» [1], «Государственной программе развития образования на 2020-2025 годы» [2], в ежегодных Посланиях Президента РК народу Казахстана [3], других нормативных документах сферы образования и науки.

Туристско-краеведческая деятельность с учащимися как уникальная модель воспитания личности и многофункциональный стратегический ресурс инновационного образования, является одним из приоритетных направлений в рамках задач, поставленных правительством Казахстана по патриотическому воспитанию, изучению своей Малой Родины, сакральных объектов, развитию детско-юношеского туризма, как основополагающего фактора развития внутреннего туризма и воспитания туристской культуры, активных видов туризма путем широкого, массового вовлечения подрастающего поколения.

Решение этих задач особенно актуально сегодня, когда на ряду со стремительным развитием информационных технологий, большой загруженностью учащихся, повышенным влиянием криминогенной среды, социума, всеобщей

перегрузки во всех сферах жизнедеятельности на условия карантинного режима и пандемии, и многих других факторов, возникает острая необходимость в организации правильного активно-познавательного отдыха, занятости детей в свободное и каникулярное время, оздоровлении, изучении своего родного края, чему способствует интеграционный подход туристско-краеведческой деятельности [5].

Центр детско-юношеского туризма и краеведения города Астаны (далее Центр), являясь единственным ресурсным центром дополнительного образования детей по реализации туристско-краеведческой и экологической деятельности с учащимися столицы, обеспечивает организационно-педагогические и медийно-информационные условия для развития массового туризма в организациях образования.

Среди комплекса задач, решение которых способствует реализации всех направлений деятельности, коллектив Центра особое значение уделяет вопросу кадрового обеспечения, подготовке и переподготовке педагогов.

В этом направлении Центр, сотрудничая с кафедрой туризма Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, проводит курсовую подготовку для педагогов и туристских организаторов школ по программе «Инструктор детско-юношеского туризма» (далее Программа).

Разработка данной Программы вызвана необходимостью создания организационно-педа-

гогических условий для активации и модернизации туристско-краеведческой деятельности с учащимися на основе компетентного подхода [4], в реализации модели системы непрерывного туристско-краеведческого образования (детсад – школа – дополнительное образование – ВУЗ).

Тематика Программы способствует подготовке педагогов системы дополнительного туристско-краеведческого образования детей, ориентирована не на формирование абстрактного специалиста детского туризма с набором определенных профессиональных качеств, а на становление целостной личности полипрофессионала. При таком подходе профессионализм вбирает в себя систему знаний и умений, владение общими и специальными способами деятельности, способность и потребность в совершенствовании своей работы, готовность к изменениям, нестандартность мышления.

Программа представляет собой систему, в основе которой лежит модульный принцип построения, включая 4 модуля: «Нормативно-правовой», «Психолого-педагогический», «Туристско-краеведческий», «Практико-ориентированный». Программа курса рассчитана на 72 часа, из них лекций – 36 часов, практических занятий – 36 часов.

Формы проведения занятий: лекции, практикумы, семинар-практикум, слайд-презентация, круглый стол по обмену опытом работы, коучинги, мастер-классы. Формы организации деятель-



Тренинги по техническим навыкам

ности педагогов: индивидуальная, групповая, коллективная. Форма зачета: тестовые задания, четырехдневный учебно-тренировочный поход (Аккольский район).

Категория слушателей курса: учителя различных предметов имеющих опыт туристско-краеведческой работы со школьниками, руководители туристско-краеведческих кружков, педагоги организаций дополнительного образования, студенты профильных направлений. Количество: 2 группы с казахским и русским языком обучения в количестве 50 слушателей.

Оценивание знаний слушателей курсовой подготовки осуществляется по двум видам: теоретический блок и практический блок.

Теоретический блок включает в себя выполнение тестовых заданий по тематике прослушанных модулей и участие в тематических мастерских.

Практический блок оценивается по выполнению основных элементов туристской техники в условиях четырехдневного учебно-тренировочного туристского похода (Аккольский район).

Слушатели курсов данной Программы в рамках посткурсового сопровождения принимают участие в методических семинарах, профильных мероприятиях, обобщают опыт работы на различных уровнях, являются участниками соревнований, слетов, чемпионатов различных уровней, прохо-

дят практику как члены судейских коллегий соревнований с учащимися и студентами, являются руководителями (заместителями руководителей) туристских походов с учащимися, а также повышают свое мастерство в турпоходах различных категорий сложности, о чем ведется запись в зачетных книжках спортсменов. К посткурсовой деятельности слушателей также относится участие в научно-практических конференциях и форумах (штатный, дистанционный формат), трансляция опыта работы, публикации в различных изданиях, медиа-активность, туристские походы с учащимися, участие в программах детских оздоровительных лагерей [7].

К одной из эффективных форм повышения профессионального мастерства педагогов, коллектив Центра относит учебно-тренировочные сборы (далее УТС), которые проводятся с целью совершенствования туристско-краеведческих и экологических компетенций педагогов и позволяют реализовать следующие задачи: повышение безопасности туристских походов и путешествий с учащимися, приобретение навыков выживания в экстремальных природных условиях, совершенствование навыков краеведческой и экологической деятельности с учащимися во время походов, экскурсий, экспедиций; подготовка компетентных инструкторов, руководителей (помощников ру-



Экологический десант

ководителей) туристских походов, экспедиций. В процессе проведения УТС предусмотрены: теоретические и практические занятия по основным этапам подготовки и проведения туристского похода с учащимися, совершение однодневного туристского похода, знакомство с технологиями и приемами вожатского мастерства, обмен опытом работы педагогов [6].

В процессе реализации практико-ориентированного модуля участники работают в группах, приобретают и совершенствуют навыки организации, подготовки и проведения туристских походов с учащимися; организации и методики проведения экскурсий, краеведческой работы в походах; природоохранной деятельности, воспитания у учащихся основ экологической культуры.

Теоретические знания, полученные умения и навыки участники УТС отработывают и закрепляют в процессе однодневного учебно-тренировочного похода по Акмолинской области.

УТС проводится на базе загородного туристско-оздоровительного комплекса «ARMAN», где прекрасные условия и материальная база способствует продуктивности проведения сборов. По окончании участники получают сертификаты.

Опыт работы нашего Центра показывает, что определенные организационно-педагогические условия, программно-методическое сопровождение предусматривают обновление теоретических, практических знаний, расширение профессиональных навыков педагогов, оказание им мето-

дической помощи, способствуют дальнейшему совершенствованию туристско-краеведческих компетенций педагогов дополнительного образования, подготовке школьных турорганизаторов, инструкторов детско-юношеского туризма, руководителей туристских походов.

Список использованной литературы:

1. Закон РК «Об образовании» (2007 г.) с изменениями и дополнениями от 24.10.2011 г.
2. Государственная программа развития образования РК на 2020-2025 гг. Утв. Постановлением правительства РК от 27.12.2019 за №988.
3. Послания Главы государства Касым-Ж. Токаева народу Казахстана. Казахстан в новой реальности: время действий. 1.09. 2020 г.; «Справедливый Казахстан: закон и порядок, экономический рост, общественный оптимизм». 2.09.2024 г.
4. Смирнов Д.В. Специфические педагогические компетенции педагога дополнительного образования - руководителя туристско-краеведческого похода. Переяславль-Хмельницкий: ДВНЗ, 2008. – С. 110-113.
5. Фомин В.П. «Любовь к Родине начинается с познания родного края». Журнал «Қосымша білім және тәрбие», №1(25), 2011г.
6. Шаяхметов А.Г. Программа для педагогов дополнительного образования, г. Астана, 2012 г.
7. Шаяхметова Г.М. Программа курсовой подготовки педагогов «Инструктор детско-юношеского туризма», г. Нур-Султан, 2018 г.



Учебно-тренировочный поход



ИСЖАНОВ
Арсен Кенжегалиевич
Ш.Уәлиханов атындағы
Көкшетау университетінің
магистранты
Көкшетау қ. Ақмола обл.

Үздіксіз білім беру жүйесіндегі туризм мен өлкетану іс әрекеттері



ДАНКИНА
Гүлжан Рашитқызы
Жаратылыстану ғылымдарының магистрі,
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау
университетінің тарих, география және
ӘГП кафедрасының оқытушысы
Көкшетау қ. Ақмола обл.

Аннотация. Бұл мақала үздіксіз білім беру жүйесіндегі туризм және өлкетану іс-әрекеттерінің маңыздылығын қарастырады. Мақалада туристік-өлкетану іс-әрекеттерінің болашақ ұрпақты тәрбиелеудегі рөлі, олардың білім беру жүйесіндегі орны нақты мысалдармен көрсетілген. Туризм және өлкетану бағыттары арқылы оқушылардың өз өлкесіне деген сүйіспеншілігін арттыру, тарихи және мәдени мұраны құрметтеуге тәрбиелеу мүмкіндіктері талқыланады. Мақала мектеп мұғалімдері мен қосымша білім беру мекемелерінің әдіскерлеріне арналған.

Аннотация. В данной статье рассматривается значение туристско-краеведческой деятельности в системе непрерывного образования. В статье показана роль туристско-краеведческой деятельности в воспитании подрастающего поколения, а также её место в системе образования с конкретными примерами. Обсуждаются возможности воспитания у школьников любви к родному краю, уважительного отношения к историческому и культурному наследию через туризм и краеведение. Статья предназначена для учителей школ и методистов учреждений дополнительного образования.

Кілттік сөздер: үздіксіз білім беру, туризм, өлкетану, жаһандану, ұрпақ тәрбиесі, таным, жауапкершілік

Жаһандану дәуірінде білім берудің үздіксіздігі заман талабына сай маңызды сипатқа ие болды. Бүгінде әрбір тұлға тек білім ордасында ғана шектеліп қалмай, өмір бойы білімін жетілдіріп, жаңа технологияларды игеруге ұмтылуда. Осы үздіксіз білім беру жүйесінде туризм мен өлкетану бағыттарының алар орны ерекше, себебі олар адамның рухани байлығын арттырып, әлеуметтік ортадағы белсенділігін арттыруға ықпал етеді. Бұл бағыттар арқылы адамдар өз елінің тарихымен, мәдениетімен тереңірек танысып, өзге елдердің де өмірін үйренеді, бұл өз кезегінде олардың дүниетанымын кеңейтіп, толеранттылық қасиеттерін дамытады.

Бүгінгі таңда білім беру «Қазақстан-2030», «Қазақстан-2050» ұзақ

мерзімді стратегияларының ең маңызды басымдықтарының бірі ретінде танылған, ал бұл стратегияларды реформалаудың басты мақсаты – білім беру жүйесін жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайға бейімдеу болып табылады.

Мемлекет басшысы Қасым - Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» және жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауларында ұрпақ тәрбиесіне назар аударылып, ден қойып отырған бірқатар міндеттердің шешілуі ықпал етуде. Осы міндеттерді жүзеге асыру мақсатында білім беру саласын дамыту аясында нақты іс-шаралар белгіленген. Атап айтқанда, балалардың рухани-адамгершілік тәрбиесін күшейту, өлкетану мен акмеология пәндерін енгізу, студенттік және балалар мен

жасөспірімдер спортын және туризмін дамыту, тәрбиелік құрамдасты күшейту, салауатты өмір салтын насихаттау қажеттілігі көрсетілген [1]

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында, «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында», сондай-ақ Қазақстан Республикасында үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбиенің тұжырымдамасында балалар мен жастардың рухани-адамгершілік тұрғыда қалыптасуы мен оларды өз бетінше өмір сүруге дайындау – қоғам мен мемлекетті дамытудың аса маңызды құрамдас бөлігі екендігі атап өтілген. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңына сәйкес білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттарының бірі азаматтық және ұлттық құндылықтардың басымдығы болып табылады [2].

Еуропалық комиссияның мәлімдеуінше, «білім алу мүмкіндіктері барлық азаматтарға тұрақты түрде қолжетімді болуы керек». Бұл іс жүзінде әр азаматтың өмірінің барлық кезеңдерінде оның қажеттіліктері мен қызығушылықтарына сәйкес келетін жеке білім беру траекториясы болуы тиіс дегенді білдіреді.

Еуропалық комиссияның үздіксіз білім беру жөніндегі Меморандумында «білім беру жүйесі оқушылардың сұраныстарын қанағаттандыру үшін әлдеқайда ашық әрі икемді болуы тиіс» деп көрсетілген. Үздіксіз білім беру бағдарламасы білімге негізделген қоғамның негізгі құрамдас бөліктерін қамтиды: үздіксіз және бірлескен оқуды дамыту, тұлғаның рухани және экономикалық әлеуетін арттыру, сондай-ақ Еуропалық қоғамдастықтағы қоғамдық сана мен белсенді азаматтық ұстанымды ынталандыру.

6. Энергия?	Накапливается	Выделяется

Индивидуальная работа

Заполняют таблицу

<https://learningapps.org/view3472099>



5. Включение в систему знаний повторения.

-Есть ли у растений специальные органы для дыхания?

У растений нет специальных органов дыхания, но у них в кожице листа расположены устьица, через которые происходит газообмен. Устьица состоят из двух замыкающих клеток и устьичной щели, через которую кислород поступает в межклетники листа, а затем в клетки. В клетках происходит процесс окисления органических веществ (распад) образуется углекислый газ, который удаляется из клеток через устьичную щель.

В дыхании растений участвуют только листья?

Я хочу добавить, что дыхание у растений может происходить в корнях и в стеблях. Каждая клеточка растений дышит. В корнях поглощение кислорода осуществляется с помощью корневых волосков, а в стеблях – через чечевички. Поэтому после дождя и после полива комнатных растений необходимо рыхлить землю, чтобы увеличить доступ кислорода к корням.

-Итак, мы с вами установили, что растениям необходим кислород для дыхания. Но в растениях протекает противоположный процесс фотосинтез, в результате которого кислород выделяется. Без кислорода живые существа жить не могут. Ребята, как мы должны вести себя по отношению к зелёным «лёгким планеты?» (Леса являются легкими нашей планеты, поэтому нам нужно бережно относиться к лесам и всем растениям на Земле и как к источнику кислорода, и как к живым существам.)

Чтобы сосны, липы, ели не болели, зеленели,

Чтобы новые леса поднимались в небеса

Мы должны их охранять всегда.

Нам жить в одной семье,

Лететь в одном полёте...

Давайте сохраним

Ромашку на лугу,

Кувшинку на реке,

И клюкву на болоте.

Отвечают на вопросы

	<p>6. Закрепление знаний учащихся.</p> <p>1. Из приведенных ниже признаков выберите признаки характеризующие фотосинтез и дыхание. 1 вариант выбирает признаки для фотосинтеза, 2 вариант для дыхания, времени даю 3 минуты на выполнения задания</p> <p><i>А) Происходит во всех клетках. Б) Протекает только на свету. В) Поглощается углекислый газ и выделяется кислород. Г) Происходит в клетках с хлоропластами. Д) Протекает на свету и в темноту. Е) Органические вещества не образуются. Ж) Органические вещества окисляются (распадаются) до CO₂ и H₂O.</i></p> <p>3) Поглощается кислород и выделяется углекислый газ. (слайд с правильными ответами и критериями оценивания)</p> <p>2. Вставьте пропущенные слова (слайд) на выполнения данного задания я вам даю 3 минуты</p> <p>1. Растения при дыхании поглощают..... 2. Растения при дыхании выделяют..... 3. Органические вещества при дыхании..... 4. Растения дышат в время суток 5. Дышат органы растения. При фотосинтезе кислорода..... больше, чем при дыхании. (Слайд с правильными ответами)</p>	<p>Индивидуальная работа</p> <p>Заполняют таблицу</p>											
<p>Заполняют</p>	<table border="1" data-bbox="341 1052 958 1389"> <thead> <tr> <th data-bbox="341 1052 576 1087">Знаю</th> <th data-bbox="576 1052 747 1087">Хочу знать</th> <th data-bbox="747 1052 958 1087">Узнал</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td data-bbox="341 1087 576 1250">Дыхание – это свойство всех живых организмов</td> <td data-bbox="576 1087 747 1250">Как дышат растения</td> <td data-bbox="747 1087 958 1250">Растение дышит через чечевички, устьица и корневые волоски.</td> </tr> <tr> <td data-bbox="341 1250 576 1389">При дыхании поглощается кислород и выделяется углекислый газ</td> <td data-bbox="576 1250 747 1389">Зачем нужен кислород</td> <td data-bbox="747 1250 958 1389">Для окисления органических веществ, для жизни</td> </tr> </tbody> </table> <p>Подведение итога занятия. - Проанализируйте знания полученные на уроке и сделайте вывод: что нового узнали о дыхании растений? (заполняем 3-ой столбик таблицы)</p> <p>Мы узнали: что процессы дыхания и фотосинтеза - противоположны друг другу. при дыхании растения поглощают кислород, а выделяют углекислый газ. процесс дыхания происходит на свету и в темноте, а для процесса фотосинтеза необходим свет. растение дышит через чечевички и устьица. Написать мини-сочинение от имени молекулы кислорода «Мое путешествие по растению»</p>	Знаю	Хочу знать	Узнал	Дыхание – это свойство всех живых организмов	Как дышат растения	Растение дышит через чечевички, устьица и корневые волоски.	При дыхании поглощается кислород и выделяется углекислый газ	Зачем нужен кислород	Для окисления органических веществ, для жизни		<p>Дескрипторы: – полностью усваивают текст, находят главную мысль текста; – исследуют процесс дыхания растений</p> <p>Словесная похвала</p>	<p>Листы А4 Компьютер телефон</p>
Знаю	Хочу знать	Узнал											
Дыхание – это свойство всех живых организмов	Как дышат растения	Растение дышит через чечевички, устьица и корневые волоски.											
При дыхании поглощается кислород и выделяется углекислый газ	Зачем нужен кислород	Для окисления органических веществ, для жизни											
<p>Рефлексия 5 мин</p>	<p>9. Рефлексия Нарисуйте в тетради настроение на сегодняшнем занятии, используя обозначения кислорода</p>	<p>Обратная связь, комментарии учителя и учащихся</p>		<p>Карточки, маркеры</p>									



«Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ» (сайыс сабақ)



ТЛЕККАБЫЛОВА
Римма Сабиргалиевна
АБЖТО-ның ҚББП-і,
Ақжайық ауд., БҚО

Сабақтың мақсаты: ата-бабамыздан қалған өшпес мұра, көлемі жағынан шағын болғанымен мазмұны терең, қымбат қазына мақал-мәтелді оқушыларға үйретіп, ұғындыру. Сөз өнері арқылы оқушылардың дүниетанымын кеңейту. Мақал-мәтелдер арқылы құстарға деген жауапкершілік сезімдерін қалыптастыру.

Сайыстың жүргізілу барысы үш бөлімнен тұрады:

1. Мақалшылар сайыс
2. Көрермендер көрімдігі
3. Жұмбақшылар сайысы

Құрметті ұстаздар және қонақтар, бүгінгі өткелі отырған «Жас эколог» II топ (7-8 класс) оқушыларына арналған «Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ» сайысымызға қош келдіңіздер. Сайыс сабақ 1 сәуір - Халықаралық құстар күніне арналады.

Кіріспе: Ел аузында көбінесе сөйлеу тілінде қолданылатын сөздердің мазмұнды саласы мақал-мәтелдер. Мақал-мәтелдер сан ғасырлар халықпен бірге өмір сүріп келе жатқан қастерлі қазына. Мақал-мәтелдер заман сынынан өткен керегіне жараған, өміріне өнеге болған. Ақ пен қараны ажырататын әділ таразы-айнымас заң, бүкіл өмірінің сан қырлы сараман ережесі болған. Мақал-мәтелдер айтылмайтын, сөз болмайтын өмір саласы жоқ. Ол өмір күресінде, жасау жолында туған адам баласының қарым-қатынас, әдеп-ғұрып, салт-сана, тәлім-тәрбие, бір сөзбен айтқанда: тұтас адамгершілік қағидаларының дастаны тәрізді.

Әділ қазылар арқасымен таныстыру
Мақалшылар сайысымызды бастаймыз.

1 кезең: Жұмбақ асырамын, сіздер шешуін та-
басыздар. Дұрыс жауапқа 10 ұпай.

1. Таусылмайтын жылуы,
Көлдің ерке сұлуы. (аққу)
2. Сайрайды бір талмайды,
Әнші құс бал таңдайлы. (бұлбұл)
3. Көктемде келіп, күзде кетеді,
Жаздай бауда әндетеді. (жыл құстары)
4. Секектеп бір тұрмайды,
Өреден құрт ұрлайды. (сауысқан)
5. Тал басында түндіксіз отау. (ұя)
6. Тал басында ағаш үй,
Терезесіз тамаша үй.
Соны мекен етеді,
Қыста алысқа кетеді. /қара торғай/
7. Жайнаған бақтың әншісі,
Тамсанған оған сан кісі. /бұлбұл/
8. Үйде отырады, жатпайды,
Көзін терімен қаптайды.
Жазда бекер тұрса да,
Бергенді қыста ақтайды. /бүркіт/
9. Қалқып тұрып аспанда,
Үн шығарып сан қилы,
Өнеріне басқанда,
Тұла бойың балқиды. /бозторғай/
10. Қара түсті қарқылдақ,
Ұшып-қонып жалпылдап.
Қоқыстарды шоқиды,
Жем іздейді там-тұмдап. /қарға/
11. Күндіз тіпті ұшпайды,
Түнде тышқан ұстайды,
Көзі шамға ұқсайды. /жапалақ/
12. Айтамын бір жұмбақты сізге нұсқап,
Басына бөрік киер, құндыз ұстап.
Үстіне ақ камзолын киіп алып,
Жүреді екі қолын артына ұстап /сауысқан/
13. Бір құс бар жан білмейтін ішкен асын
Адамға көрсетпейді жұмыртқасын /жарқанат/

14. Мысық бастан
Жапалақ түстен /үкі/
15. Тырнағы үшкір дінгектей
Тұмсығы имек ілгектей
Қанатын жайып шүйілсе
Аң-құс қалар бүлк етпей /бүркіт/
16. Шуға бөлеп жағаны
Қанаттарын қағады
Айдын судың түлегі
Шабак іліп жүреді /шағала/
17. Еркін самғап ұшсын деп
Мәпелейміз баптаймыз
Бейбітшілік құсы деп
Қайсы құсты мақтаймыз? /көгершін/
19. Төбесінде айдары
Мінезі жайдары
Көрсө, ұнатар сан кісі
Құс біткеннің сәндісі
Күнбағысқа ұқсайды /тауыс/павлин
20. Көліне қарай-қазы, /Қысына қарай-жазы/
Ұпайын аз ойыншы ойыннан шығады. Екі ойыншы қалады. Бір бірімен ойынды жалғастырады.

2 кезең: Ұпайы аз ойыншы мақал мәтелді бағастайды, сол мақал-мәтелден бір сөзді таңдап алып, мақал құрайды.

Мысалы: Жаздың бір күні, қыстың мың күні. /мақал/
Қыстың көзі қырау. /құрастырушы/
Ұпайы аз ойыншы ойыннан шығады. Бір ойыншы қалады. Ол мақалшы болады.

Көрермендер көрімдігі:

Жел, тау, тас туралы

Жұмбақтар ауыз әдебиетінің ертеде келе жатқан түрі. Жұмбақ адамның дүниетану жолындағы ойының, қиялының шамасын білдіреді. Жұмбақтар тапқырлықты, білімділікті талап етеді.

Жұмбақшыларды ортаға шақырамыз.

1 кезең: Жұмбақ жасырамын, сіздер шешуін табасыздар. Дұрыс жауапқа 10 ұпай.

1. Таусылмайтын жылуы,
Көлдің ерке сұлуы. (Аққу)
2. Сайрайды бір талмайды,
Әнші құс бал таңдайлы. (Бұлбұл)
3. Көктемде келіп, күзде кетеді,
Жаздай бауда әндетеді. (Жыл құстары)
4. Секектеп бір тұрмайды,
Өреден құрт ұрлайды. (Сауысқан)
5. Тал басында түндіксіз отау. (Ұя)
6. Тал басында ағаш үй, Терезесіз тамаша үй.
Соны мекен етеді, Қыста алысқа кетеді. /Қара торғай/.
7. Жайнаған бақтың әншісі, Тамсанған оған сан кісі. /Бұлбұл/
8. Үйде отырады, жатпайды, Көзін терімен қаптайды. Жазда бекер тұрса да, Бергенді қыста

ақтайды. /Бүркіт/.

9. Қалқып тұрып аспанда, Үн шығарып сан килы, Өнеріне басқанда, Тұла бойың балқиды. /Бозторғай/

10. Қара түсті қарқылдақ, Ұшып-қонып жалпылдап. Қоқыстарды шоқиды, Жем іздейді тамтұмдап. /Қарға/

11. Күндіз тіпті ұшпайды,
Түнде тышқан ұстайды,
Көзі шамға ұқсайды. /Жапалақ/

12. Айтамын бір жұмбақты сізге нұсқап,
Басына бөрік киер, құндыз ұстап.
Үстіне ақ камзолын киіп алып,

Жүреді екі қолын артына ұстап /Сауысқан/

13. Бір құс бар жан білмейтін ішкен асын,
Адамға көрсетпейді жұмыртқасын /Жарқанат/

14. Мысық бастан, Жапалақ түстен /үкі/

15. Тырнағы үшкір дінгектей, Тұмсығы имек ілгектей. Қанатын жайып шүйілсе, Аң-құс қалар бүлк етпей /бүркіт/

16. Шуға бөлеп жағаны, Қанаттарын қағады. Айдын судың түлегі Шабак іліп жүреді /Шағала/

17. Еркін самғап ұшсын деп, Мәпелейміз баптаймыз. Бейбітшілік құсы, - деп, Қайсы құсты мақтаймыз /Көгершін/

18. Төбесінде айдары, Мінезі жайдары. Көрсө, ұнатар сан кісі, Құс біткеннің сәндісі, Күнбағысқа ұқсайды /тауыс/павлин

2 кезең Қалған екі ойыншы өздерінің дайындап келген жұмбақтарын кезекпен оқиды. Дұрыс жауапқа 10 ұпай

Ортаға мақалшы -----
жұмбақшы ----- шақырамыз.

3 кезең Жұмбақшыға жұмбақ жасырамын, сол жұмбақтың жауабына мақалшы мақал құрастырады.

1. Жазда тұрып жоғары... Ағаш жапырағымен...
Күнде жерге қонады /жапырақ/... Жер топырағымен сәнді...

2. Жұрттың бәрі сүйеді /Алпыс күнде тасыған су
Бірақ қарай алмайды /күн/ Алты күнде қайтар/

3. Көктемде ақ гүлге оранды /Шірік алмаға
шіркей де қонбайды/

Күзде қолға доп болып оралады /алма/ /Алма піс, аузыма түс/

Жеңімпаз анықталады. Әділ-қазыларға сөз беріледі.

Қорытындылау:

Деменіз біз өнерді аяп келді
Уақыт біраз жерге таяп қалды
Көріскенше хош сау болып тұрыңыздар
«Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ» аяқталды.

Жер топырағымен сәнді,
Алғаш жапырағымен...



Путешествие в творчество Габдуллы Тукая



ИБРАГИМОВ
Эркольд Садыкович
преподаватель-организатор
НВП КГУ № 16, ПДО
ГЦДТ и Э «Атамекен»
г. Уральск, ЗКО

***Аннотация.** В статье содержится материал о творчестве классика татарского народа — поэта Габдуллы Тукая. Участники кружка туристско-краеведческого направления приняли участие в экскурсии по музею поэта, читали его произведения в рамках различных мероприятий, ставили сценические постановки по его сказкам. Статья адресована школьникам и учителям.*

***Аңдатпа.** Мақалада татар халқының классик ақыны Габдолла Тоқайдың шығармашылығы жинақты жазылған. Үйірме оқушылары ақын музейінің экскурсиясына қатысып, түрлі шаралар арқылы шығармаларын оқытып, ертегілерінен сахналық қойылымдар қойған. Мақала мектеп оқушыларына, ұстаздарға бағытталған.*

***Ключевые слова:** Габдулла Тукай, Татарская слобода, «Шурале», «Су Анасы».*

Уральск – один из самых старинных исторических городов Казахстана. Здесь жили и трудились многие исторические личности. Одна из них – татарский народный поэт, литературный критик, публицист и переводчик Габдулла Тукай (26.04.1886-15.04.1913 г.). Тукай прожил в Уральске около тринадцати лет (с 1894 по 1907 гг.), почти половину своей жизни. Произведения Тукая переведены почти на 40 языков мира. За неполные 8 лет творческой жизни Габдулла Тукай успел написать 9 поэм, более 400 стихотворений, а также 350 рассказов, очерков и воспоминаний.

В Уральске есть музей и улица Г. Тукая, установлен памятник-бюст Тукаю (скульптор Гасимов М.М., архитекторы Айдаров С.С., Галеев А.М., Вафеев Р.А.). Памятники поэту установлены в городах: Анкара, Астрахань, Казань, Москва, Набережные Челны, Санкт-Петербург, Уфа, Челябинск.

Несколько лет назад в Уральске отреставрировали дом, в котором жил татарский поэт. Он расположен в исторической части города, некогда носившей название Татарская слобода.

В свое время Татарская слобода составляла значимую часть Уральска, но до настоящего времени «дожили» немногие здания. Два из них – музей Габдуллы Тукая и Красную мечеть – уральцы почти за-





были, но после реставрации к этим возрожденным страницам истории вновь потянулись и дети, и взрослые. Два упомянутых здания связывает имя Габдуллы Тукая.

В Уральске Тукай сформировался как поэт и журналист, и его имя обретает известность не только в Уральске, но и в Казани, Оренбурге, Петербурге...

Помимо глубоких и серьезных произведений для взрослой публики, Тукай писал и для детей. В общей сложности из-под его пера вышло более 150 стихотворений для детей. В некоторых из них он увековечил героев национальных татарских сказок.

Мы совместно с ОО «Татарский культурный центр», провели мероприятие: «Путешествие в творчество Г. Тукая», где приняли участие члены туристического кружка «Эдельвейс» КГУ ОШ №16. Целью мероприятия было ознакомление учащихся с биографией и творчеством поэта. В ходе проведения мероприятия ребята ознакомились с биографией, жизнью и творчеством поэта, а так же была проведена экскурсия по дом-музею Г. Тукая. Ребятами были исполнены две театрали-

зованные сценки по сказкам поэта: «Шурале» и «Су Анасы», а также выразительное чтение стихов были прочитаны учащимися 5-9 классов

Участникам мероприятия были вручены грамоты и памятные подарки: книги на русско-татарском языке.

Активистка Татарского культурного центра Ишмакова Дамира Абдуловна организовала выставку книг поэта и рассказала о творчестве поэта. В процессе подготовки к исполнению сказок, дети сначала познакомились с сюжетом сказок и постепенно входили в роли героев сказок.

Большинству из нас среди персонажей татарской мифологии знакомы разве что Су Анасы да Шурале — сказки Габдуллы Тукая стали для современных татар практически единственным окошком в пантеон древних духов, которых боялись наши предки.



Шурале



Су Анасы



Сказки «Шурале» и «Су Анасы» были написаны Тукаем в период с 1907 по 1908 года.

Смысл сказки «Шурале» может отражать идею о необходимости бережного отношения к природе и не вторжения в неё.

Шурале — это герой татарских народных сказок, который является духом леса.

Сегодня его образ используется как символ экологического сознания и сохранения видового разнообразия.

Су Анасы — языческий дух из тюркского фольклора, нашел разнообразное стилистическое воплощение в изобразительном искусстве — от реализма до абстракции. Общим, что объединяет столь непохожие образы, можно назвать мысль о том, что дух воды — это часть природного пространства, которое требует уважительного к себе отношения, и мысль эта была выражена Тукаем в его замечательном произведении «Су Анасы».

Дух воды - это часть природного пространства, которое требует уважительного к себе отношения. В произведении через мифологический сюжет раскрывается мысль о том, что человек должен сосуществовать в гармонии с окружающим миром, не нарушать заведённый в нём порядок.

В заключении сказок о Шурале и Су Анасы можно сделать следующие выводы:

Образ Шурале - это своеобразное предостережение человеку о не вторжении в природу. Отношение к этому персонажу изменилось со времён язычества и после использования его образа в творчестве Г. Тукая. Этот образ до сих пор используется современными авторами как образ защитника природы.

Образ Су Анасы отражает важную мысль о том, что человек должен сосуществовать в гармонии с окружающим миром, не нарушать заведённый в нём порядок и тогда зло не коснётся его. Отношение к образу Су Анасы изменилось, зло становится неожиданно привлекательным образом молодой девы, стихией воды.

Список использованной литературы:

1. Тукай Г.М. Шурале: Сказка/пер. с тат. Р.Бухараева; Худож. Н.Альмеев. – М.: Сов. Россия, 1986. – 56 с.: ил.
2. Сказка: Шурале, Татарское книжное издательство – Казань, 2024 г.
3. Муса Джалиль Батыр куян: Татарское книжное издательство – Казань, 1998 г.





БЕКЕШЕВ
Асхат Серкалиевич
Бәйтерек ЖТС-ның
Экология бөлімінің
меңгерушісі, ҚББП-і,
педагог-сарапшы,
Бәйтерек ауд., БҚО

Табиғатқа сүйіспеншілік – кішкентай қадамнан басталады (экологиялық апталық)



БАТЫРБАЙ
Аяжан Сериккалиевна,
«Ақбота» балабақша
тәрбиешісі,
Бәйтерек ауд., БҚО

Орал өңірі балалар туризмінің 65 жылдығы мен Бәйтерек ауданы Жас туристер станциясының 20 жылдығы аясында Бәйтерек ауданы орталығында орналасқан «Ақбота» жеке балабақшасымен бірлескен «Туризм апталығы» ұйымдастырылды. Апталық мектепке дейінгі жастағы балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін артыру, экологиялық мәдениеттілікті ерте жастан қалыптастыру мақсатында оздырылды.

Бүгінде «Жас туристер станциясы» - экология, туризм, өлкетану, спорттық бағдарлау төрт негізгі бағытта жұмыс атқарады. Экологиялық бағытта жүргізіліп жатқан жұмыстардың арқасында аудан мектептерінің оқушылары табиғатты қорғауға бағытталған түрлі акциялар, сенбіліктер мен ғылыми-зерттеу жобаларын жүзеге асырып келеді. Жас экологтар облыстық және республикалық байқауларда жүлделі орындарды иеленіп, туған өлкесін танытуға үлкен үлес қосуда. «Табиғатқа сүйіспеншілік – кішкентай қадамнан басталады» - демекші, «Ақбота» балабақшасымен бірлесе бекітілген жоспар жасақталып, жоспарға сай іс-шаралар легі ұйымдастырылды.

Бес күнге созылған апталықтың шеңберінде алдымен балалар «Балалар туризмі және экология» музейіне экскурсияға шықты. Музейге келушілердің жас ерекшеліктерін ескере отырып, музей алаңында ойын түрінде сұрақ-жауап әдістерін қолдана отырып, экскурсия ұйымдастырылды.



Туризм апталығының жоспары				
	№ Іс-шараның атауы	Өтетін күні	Өтетін орны	Жауапты
1	«Балалар туризмі және экология» музейіне экскурсия	14 сәуір	Жас туристер станциясы	Бекешев А.С.
2	«Табиғатты бірге қорғаймыз» экологиялық ертеңгілік	15 сәуір	«Ақбота» бөбекжай балабақшасы	Баландина А.Г., Челнокова М.М.
3	Жасанды жартасқа өрмелеу	16 сәуір	Аудандық мәдениет үйінің спорт залы	Белгиев Қ.Қ.
4	«Әкем, анам және мен» эстафеталық ойын	17 сәуір	«Ақбота» бөбекжай балабақшасы	Бекешев А.С., Белгиев Қ.Қ.
5	«Турист – өз ағашынды отырғыз» экологиялық акциясы	18 сәуір	«Ақбота» бөбекжай балабақшасы	Бекешев А.С.

«Балалар туризмі және экология» музейі – тек тарихи жәдігерлер мен табиғаттың байлығын көрсететін орын ғана емес, ол экологиялық білім мен тәрбие беру бағытында маңызды орталыққа айналды. Бұл жерде келешек ұрпақтың табиғатқа деген сүйіспеншілігі мен жауапкершілігі қалыптасып, өз туған өлкесін қорғауға үлес қосатын азаматтар болып өсетініне сенімдіміз.

Музейдің экология және геология залы – аудан табиғатын танытатын көрнекті алаң. Мұнда келушілер ғасырлар қойнауынан сыр шертетін ерекше жәдігерлермен таныса алады. Олардың ішіндегі ең маңыздысы – 2016 жылы аудан аумағынан табылған Ихтиозавр суреті. Бәйтерек ауданы аумағынан табылған ихтиозаврдың ұзындығы 6 метрге жуық алып теңіз жануарының

жасы 150 миллион жылдан асады. Үйірме оқушыларының фотосуреттері, кубоктары мен медальдары қойылған арнайы композициялық бұрыш – бүлдіршіндердің болашақта спортпен шұғылданып, ел намысын қорғап, чемпион болуға ниетін оята түседі.

«Табиғатты бірге қорғаймыз» экологиялық ертеңгілік - балабақша алаңында ұйымдас-тырылды. Бүлдіршіндерге аңдар қонаққа келіп, туристік жорықтарға бірге дайындалып, қоршаған ортаға қамқор болуды, сүйіспеншілікпен қарауды үйретуге арналған қойылым қойып, жол бойында кездескен қиындықтарды бірге жеңе білді. Тәрбиешілер шарадан кейін бүлдіршіндердің табиғатқа деген көзқарастары өзгергенін байқаған.



«Әкем, анам және мен» спорттық эстафеталық ойындар апталық көркін қыздыра түсті. Балалардың бойында спортқа деген құлшыныстары оянып, қызыға да, құлшына қатысты.

«Таза Қазақстан» экологиялық жобасы аясында Бәйтерек ауданы мәдениет, тілдерді дамыту, спорт және дене шынықтыру бөлімінің басшысы – Нұржан Дүзбатыров және Бәйтерек ауданы білім беру бөлімінің әдіскері Эльвира Рахимованың қатысуымен «Турист – өз ағашыңды отырғыз!» экологиялық акциясымен аяқталды. Акция балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттырып, экологиялық тәрбие беріп, ағаш отырғызу мәдениетін қалыптастыру мақсатында жүргізді.

- Балалар, біз бүгін қызықты және өте маңызды іс-шараға қатысамыз. Табиғатқа қамқор болып, ағаш отырғызамыз. Ағаш – таза ауаның және денсаулықтың кепілі, - деп тәрбиеші апайларының кіріспе сөзінен кейін балалар сұрақ-жауап айдарына құлшына қатысты:

- Балалар, сендерге неге аулада ойнағанды жақсы көресіңдер?

- Себебі, аулада таза ауа демаламыз.
- Аулада біз нені көреміз?
- Ағаштар, гүлдер, ойын алаңдары...
- Ағаштар не үшін керек?
- Таза ауамен демалу үшін...
- Не үшін ағаш отырғызу керек?
- Табиғатқа қамқор болу үшін.

Тәрбиешімен бәрі бірге:

- «Табиғатты сүйеміз,
- Ағаштарды күтеміз.

Жасыл әлем – болашақ,

Оны бірге қорғаймыз!»

Балалар келген қонақтардың көмегімен топтарға бөлініп, алдын-ала дайындалған жерге көшеттер отырғызды. Қонақтар балаларға ағаштардың күтімі туралы айтып, ағаштардың жанында суретке түсті.

- Балалар бүгін сендер табиғатқа үлкен пайда келтірдіңдер. Егілген ағаштар сендермен бірге өседі, құлпырады, гүлдейді. Біздің болашақ – өз қолымызда! Бәріміз бірге – туған өлкемізді гүлдендірейік!, - деген жақсы тілекпен аяқтаған шара өз мәресіне жетті.

Осындай бірлесіп атқарылған жұмыстар, табиғатқа саяхат, экологиялық марафондар мен алаңдар оқушылар мен мектепке дейінгі балаларға табиғатқа жақын болуға және өздеріне қажетті экологиялық білім алуына мүмкіндік береді. Мұндай іс-шаралар балалар мен жасөспірімдердің экологиялық санасын қалыптастырып, оларға табиғатпен үйлесімді өмір сүрудің жолдарын көрсетеді.

Ұлы жазушы, әрі ғұлама М. Әуезовтың «Ел болсам десем, бесігінді түзе» деген нақылы еліміздің ертеңі – бүлдіршіндерді бала кезінен баулы деген сөз. Жас ұрпақ тәрбиесі - ұлт болашағы, ел ертеңі. «Балам дейтін жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан болады» деп А. Байтұрсынов айтқандай мемлекетіміз де ұрпақ тәрбиесіне барынша назар аударып келеді. Себебі бала - еліміздің ертеңі, тірегі мен тілегі. Еліміздің - ажары мен базары. Біз тәрбиелеген ұрпақ тәрбиелі де тәртіпті, ақылды да өнегелі, рухани адамгершілігі мол Қазақстанның беделді азаматы болады деп сенемін.



Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы 31 тамыздағы
№ 385 бұйрығына
8-қосымша

Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары

I тарау. Жалпы ережелер

1. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – «Білім туралы» Заң) 5-бабының сәйкес әзірленді, 11-1) тармақшасына бұл балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметінің тәртібін айқындайды.

2. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымы – «Білім туралы» Заңның 37-бабына сәйкес білім алушылардың, оның ішінде жеке адамның, қоғамның және мемлекеттің мүдделерінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалардың білім және мәдени қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында балаларға арналған қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы (бұдан әрі – Ұйым).

3. Ұйымдар өз қызметінде білім беру саласындағы заңнаманы, осы Қағидаларды, ұйымның жарғысын, Қазақстан Республикасының халықтың санитариялық эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасын басшылыққа алады.

4. Ұйымдардың түрлері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 50 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8390 болып тіркелген) Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасында көзделген.

2 тарау. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметінің тәртібі

5. Ұйымның міндеттері:

1) жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және

кәсіби қалыптастыруға бағытталған сапалы қосымша білім алу үшін жағдайлар жасау;

2) тұлғаның зияткерлік, шығармашылық, дене мүмкіндіктерін дамыту, олардың қабілеттерін іске асыру;

3) адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы зияткерлікті байыту;

4) азаматтыққа және патриотизмге, өз Отанына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді, халық дәстүрлерін құрметтеуге тәрбиелеу болып табылады;

5) Белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

6) балаларды экологиялық мәдениетке тәрбиелеу, оларды табиғат қорғау қызметіне тарту;

7) қоғамдағы өмірге бейімдеу;

8) бос уақытты мазмұнды ұйымдастыру.

6. Қосымша білім білім беру бағдарламаларын мектептен тыс ұйымдар және мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары ұсынады.

7. Ұйым «Білім туралы» Заңның сәйкес белгіленген 43-бабына шекте оқу-тәрбие процесін, кадрларды іріктеу мен орналастыруды, ғылыми, қаржы-шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асыруда дербес болады.

8. Ұйым балалардың сұраныстарын, отбасының, білім беру ұйымдарының,

қоғамдық ұйымдардың (оның ішінде балалар мен жасөспірімдер) қажеттіліктерін, өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктерін, ұлттық-мәдени дәстүрлерді ескере отырып, қосымша білім берудің білім беру бағдарламаларын дербес әзірлейді.

9. Ұйымдардағы білім беру қызметін педагогтер, әдіскерлер, педагог-ұйымдастырушылар және оларға теңестірілген тұлғалар (бұдан әрі – педагогтер), тиісті бейіндегі мамандар жүзеге асырады.

10. Педагогикалық, қамқоршылық, әдістемелік кеңестер ұйымды алқалық басқару нысандары болып табылады. Ұйымды тікелей басқаруды басшы жүзеге асырады.

11. Қосымша білім берудің білім беру бағдарламасын іске асыру кезіндегі оқу-тәрбие процесі ұйымның мүдделері бойынша үйірмелерде (клуб, балалар-жасөспірімдер дене шынықтыру клубы, студия, ансамбль, топ, үйірме, театр, спорт секциялары, зертханалар, шеберханалар, орталықтар және өзге де бірлестіктер) жүзеге асырылады (бұдан әрі – бірлестіктер).

12. Ұйымдардағы балалардың қызметі мүдделері бойынша бір жастағы және әртүрлі жастағы бірлестіктерде жүзеге асырылады.

13. Қызығушылықтар бойынша бірлестіктер білім алушылардың тұрақты және ауыспалы құрамымен құрылады.

14. Әр баланың бірнеше бірлестіктерде оқуға және оларды өз қалауы бойынша өзгертуге мүмкіндігі бар (балалар музыкасы, балалар көркемөнер мектептері мен балалар өнер мектептерінен басқа).

15. Бірлестік қызметінің мазмұнын қосымша білім берудің оқу жоспарлары мен білім беру бағдарламаларын ескере отырып, балаларға арналған қосымша білім беру педагогы айқындайды.

16. Ұйымдардағы оқу-тәрбие процесі тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайын ескере отырып жүзеге асырылады.

17. Ұйымдағы оқу-тәрбие процесінің қатысушылары балалар, педагогтар және білім алушылардың заңды өкілдері болып табылады.

18. Ұйымда әдістемелік, әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық қызметтер

құрылады.

19. Ұйымда жарғыларға және осы Қағидаларға сәйкес жұмыс істейтін балалар қоғамдық бірлестіктері мен ұйымдары құрылады.

20. Ұйымдар орта білім беру ұйымдарымен бірлесіп сабақ және сабақтан тыс уақытта жалпы білім беретін пәндер мен қосымша білім беру бойынша сабақтар мен кіріктірілген сабақтар өткізеді.

21. Қосымша білім беру ұйымдарындағы сабақтардың ұзақтығы 40 минутты құрайды.

22. Бірінші оқу жылының топтарының сабақтары үшін аптасына 4 академиялық сағат, оқудың екінші және келесі жылдары үшін 6 академиялық сағат, оқытудың эксперименттік және зерттеу топтарында 8 академиялық сағат көзделеді.

23. Мектепке дейінгі жастағы балалар үшін сабақтар аптасына 2 академиялық сағаттан аспайтын 25-35 минут бойы жүргізіледі.

24. Практикалық сабақтарды (жорықтар, экспедициялар, экскурсиялар, жарыстар, концерттік сапарлар) өткізуге арналған сағаттар саны тәулігіне 8 сағаттан (8 сағаттан артық емес) шыға отырып белгіленеді.

25. Бұқаралық іс-шараларды өткізу кезінде бірлестіктердің жұмысына балалардың заңды өкілдері қатысады.

26. Балаларды қабылдау кезінде ұйым балалардың ата-аналарын (заңды өкілдерін) оқу-тәрбие процесін жүргізу тәртібімен және оның мазмұнымен және ұйымның жарғысымен таныстыруды қамтамасыз етеді.

27. Ұйым автоматтандырылған ақпарат алмасуды және білім беру саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесімен деректерді өзектендіруді қамтамасыз етеді.

28. Білім алушыларды спорттық, спорттық-техникалық, туристік, хореографиялық бірлестіктерге қабылдау кезінде баланың денсаулық жағдайы туралы медициналық қорытынды қажет.

29. Балалар музыка мектептерінде, балалар көркемөнер мектептерінде және өнер мектептерінде оқу-тәрбие процесі «Білім туралы» Заңның 5-бабының 7-1) сәйкес білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітетін тармақшасына үлгілік оқу жоспарлары мен білім беру бағдарламалары бойынша жүргізіледі. Мемлекеттік ұйымдардағы оқу-тәрбие процесі осы ұйымдарға қатысты мемлекеттік басқару органының функцияларын орындайтын органдар бекіткен балаларға арналған қосымша білімнің білім беру бағдарламалары бойынша жүргізіледі. Жеке ұйымдардағы оқу-тәрбие процесі басшы немесе құрылтайшы бекіткен білім беру бағдарламалары бойынша жүргізіледі.

30. Сабақ кестесін білім алушылардың жас ерекшеліктерін және ата-аналардың пікірін ескере отырып, ұйым әкімшілігі жасайды және бекітеді.

31. Бір жастағы және әртүрлі жастағы балалар, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар, балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарында қызығушылықтары бойынша бірлестіктерге, клубқа, студияға, ансамбльге, топқа, театрға, спорт секцияларына, зертханаларға, шеберханаларға, орталықтарға және өзге де бірлестіктерге біріктіріледі. Ұйым ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалармен тұрғылықты жері бойынша жеке жұмыс жүргізеді.

32. Сабақтар қосымша білім берудің білім беру бағдарламасына сәйкес топтар бойынша, жеке немесе бірлестіктің барлық құрамымен жүргізіледі. Бірінші оқу жылының әр тобында балалар саны 10-нан 15-ке дейін, екінші және келесі жылдары - 8-ден 12-ге дейін, эксперименттік және зерттеу топтары - 6-дан 8-ге дейін.

33. Мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту кезінде топтың толымдылығы 6-дан 10 адамға дейін құрайды.

34. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды оқыту кезінде топтың толықтырылуы 3-тен 6 адамға дейін құрайды.

35. Балалар музыка мектептерінде, бала-

лар көркемөнер мектептерінде, балалар өнер мектептерінде, көркем-эстетикалық бағыттағы мектептерде, оқушылар сарайларының музыка мектептерінде (үйлер, орталықтар, кешендер, балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталықтары) оқыту жеке және топтық нысандарда жүзеге асырылады.

Балалар музыка мектептерінде және өнер мектептерінің музыка бөлімдерінде, көркем-эстетикалық бағыттағы мектептерде, оқушылар сарайларының музыка мектептерінде (үйлер, орталықтар, кешендер, балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталықтары) топта оқитындар саны:

- 1) дайындық - 8-10 адам;
- 2) музыкалық-теориялық пәндер бойынша - 8-10 адам;
- 3) хордағы «ұжымдық музыка ойнау» пәні бойынша-12 адамнан бастап;
- 4) «ұжымдық музыка ойнау» пәні бойынша оркестрге;
- 5) ұжымдық музыка ойнаудың басқа нысандарындағы «ұжымдық музыка ойнау» пәні бойынша - 6-15 адамнан бастап;
- 6) «ұжымдық музыка ойнау» пәні бойынша ұжымдық музыка ойнаудың шағын топтық нысандарында – 2-5 адамнан басталады.

36. Балалар музыка мектептерінде және өнер мектептерінің музыка бөлімдерінде, көркем-эстетикалық бағыттағы мектептерде, оқушылар сарайларының музыка мектептерінде (үйлер, орталықтар, кешендер, балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталықтары) білім алушылар контингенті 100 адамнан кем немесе екі тілде оқытатын музыкалық-теориялық пәндер бойынша топта білім алушылар саны 5-10 адамды құрайды. Балалар көркемөнер мектептерінде және өнер мектептерінің көркемөнер бөлімдерінде, көркем-эстетикалық бағыттағы мектептерде, оқушылар сарайларының көркемөнер мектептерінде (үйлер, орталықтар, кешендер, балалар-жасөспірімдер шығармашылығы орталықтары) топта оқитындар саны 8-15 адамды құрайды. Балалар өнер мектептері мен көркем-эстетикалық бағыттағы мектептердің

хореографиялық бөлімдерінде топтарда оқитындардың саны 8-20 адамды құрайды.

37. Балалар музыка мектептеріне, балалар көркемөнер мектептеріне, балалар өнер мектептеріне, көркем-эстетикалық бағыттағы мектептерге, оқушылар сарайларының музыка мектептеріне (үйлер, орталықтар, кешендер, балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталықтары) түсу үшін әртүрлі өнер (музыкалық, бейнелеу, хореографиялық, театр) саласындағы балалардың қабілеттерін дамыту деңгейін анықтау мақсатында әңгімелесу жүргізіледі.

38. Негізгі оқу курсына дайындық мақсатында дайындық топтарына мыналар қабылданады:

1) Балалар музыка мектептерінде, балалар өнер мектептерінің музыка бөлімдерінде, оқушылар сарайларының музыка мектептерінде (үйлер, орталықтар, кешендер, балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталықтары) - 8 жасқа дейінгі балалар;

2) Балалар көркемөнер мектептерінде өнер мектептерінің, оқушылар сарайларының көркемөнер бөлімдерінде (үйлер, орталықтар, кешендер, балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталықтары) – 5 жастан 12 жасқа дейінгі балалар;

3) 5 жастан 8 жасқа дейінгі балалары бар балалар өнер мектептерінің хореографиялық және цирк өнері бөлімдерінде, театр өнері, кино өнері, фото өнері және басқалары бөлімшелерінде – 6 жастан 13 жасқа дейінгі балалар. Дайындық сыныбына оқуға ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің өтініші бойынша 1 жастан 4 жасқа дейінгі балалар қабылданады.

39. Балалар мен жасөспірімдер дене шынықтыру клубтарында:

1) дене шынықтыру - сауықтыру топтарында шұғылданатын балалардың сандық

құрамы спорт түріне байланысты анықталады;

2) бір топтағы балалардың жас айырмашылығы екі жастан аспауы тиіс;

3) дене шынықтыру-сауықтыру топтарының санын оқу дене шынықтыру-сауықтыру

процесін жүзеге асыру шарттарына байланысты клубтың

педагогикалық кеңесі айқындайды;

4) кестені жасау кезінде оқу мекемелерінде білім алушылардың бос уақыты мен жұмыспен қамтылу көлемін ескеру қажет;

5) Дене шынықтыру – сауықтыру топтарындағы бір сабақтың ұзақтығы аптасына үш рет бір академиялық сағаттан аспайды;

6) дене шынықтыру-сауықтыру топтарындағы балалардың саны кемінде 15 адамды құрайды және 25 адамнан аспайды;

7) балалар-жасөспірімдер клубтарының жұмысын ұйымдастыру Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 3 қарашадағы № 68 бекітілген дене шынықтыру және спорт бойынша сабақтар бұйрығымен өткізу кезіндегі қауіпсіздік қағидаларына сәйкес келеді. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 3 желтоқсанда № 9923 болып тіркелді;

8) дене шынықтыру даярлығының балалар-жасөспірімдер клубтарында жұмыс істейтін дене шынықтыру мұғалімінің, жаттықтырушының, жаттықтырушы-оқытушының мөлшерлемесі аптасына 18 сағат көлемінде белгіленеді;

9) директорға, директордың спорт жұмысы жөніндегі орынбасарына, оқу бөлімінің меңгерушісіне, аға әдіскерге, әдіскерге дене шынықтыру-сауықтыру топтарында спорттық-бағдарланған дене тәрбиесі мұғалімінің 0,5 жүктемеден аспайтын көлемде оқу сабақтарын жүргізуге мүмкіндігі бар;

10) балалар-жасөспірімдер клубының штат бірліктерінің саны Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 21 маусымдағы №224 қаулысымен бекітілген мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгілік штаттарына сәйкес айқындалады;

11) аудандық, қалалық жарыстар алдында-12 күнге дейін, Облыстық – 18 күнге дейін; республикалық, халықаралық – 24 күнге дейін оқу дене шынықтыру-сауықтыру және жаттығу жиындарын өткізеді.

40. Ұйым білім алушылармен оқу-тәрбие

процесін бүкіл күнтізбелік жыл ішінде, оның ішінде инклюзивті білім беру үшін жағдай жасай отырып жүзеге асырады.

41. Ұйымдарда 1-14 қыркүйек аралығында жинақтау жүреді.

Оқу жылы басталады:

- ұйымдардың бірінші, екінші және одан кейінгі оқу жылдарының бірлестіктерінде

15 қыркүйекте;

- Балалар музыка мектептерінде, балалар көркемөнер мектептерінде және балалар өнер мектептерінде, екінші және келесі оқу жылдарындағы бірлестіктерде - 1 қыркүйек.

42. Балалар музыка мектептерінде, балалар көркемөнер мектептерінде, балалар өнер мектептерінде, көркем-эстетикалық бағыттағы мектептерде, оқушылар сарайларының музыка мектептерінде (үйлер, орталықтар, кешендер, балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталықтары) Білім алушыларды сыныптан сыныпқа ауыстыру аттестаттау қорытындылары бойынша үлгілік оқу жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 29 желтоқсандағы № 543 (Нормативтік құқықтық актілерді бұйрығымен мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7409 болып тіркелген) бекітілген балалар музыка мектептерінің, балалар көркемөнер мектептерінің және балалар өнер мектептерінің жоспарлары мен білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

43. Балалар музыка мектептерінде, балалар көркемөнер мектептерінде және өнер мектептерінде қосымша білім берудің білім беру бағдарламаларын игеру қорытынды мемлекеттік аттестаттаумен аяқталады. Оқудың толық курсы бітірген, мемлекеттік бітіру емтихандарын тапсырған білім алушылар белгіленген үлгідегі мектепті бітіргені туралы куәлік алады.

44. Ұйым ұйымдармен, кәсіпорындармен бірлесіп балаларға кәсіптік бағдар беру дайындығын жүргізеді. Білім алушыларға оқу қорытындылары бойынша оқу нәтижелерін растайтын құжат (сертификат) беріледі.

45. Жазғы кезеңде ұйымдар арнайы кесте бойынша білім алушылардың тұрақты және ауыспалы құрамымен жұмыс істейді. Балалар музыка мектептеріндегі, балалар көркемөнер мектептеріндегі, балалар өнер мектептеріндегі, көркем-эстетикалық бағыттағы мектептердегі, оқушылар сарайларының музыка мектептеріндегі (үйлер, орталықтар, кешендер, балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталықтары) демалыс мерзімдері мен ұзақтығы жалпы білім беретін мектептердегі демалыс мерзімдеріне сәйкес келеді. Ұйым күнтізбелік жыл ішінде балалармен жұмысты жүзеге асырады. Демалыс уақытында қажеттілігіне қарай клубтар, лагерьлер мен туристік қалашықтар мен базалар, бейінді лагерьлер ашылады, экологиялық мектептер өз базасында немесе балалардың тұрғылықты жері бойынша лагерьлерде (қала сыртындағы немесе күндіз болатын) балалардың тұрақты және (немесе) ауыспалы құрамымен әртүрлі бірлестіктер құрылады, мастер-кластар өткізіледі. Бірлестіктердің жұмысы концерттік алаңдар мен сапарлар, жорықтар мен саяхаттар, жарыстар, экспедициялар түрінде жүргізіледі.

46. Материалдық-техникалық базасы және кадрлық әлеуеті бар ұйымдар білім беру ұйымдарының барлық типтеріндегі білім алушылар үшін өндірістік практиканы жүзеге асырады.

47. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымында әдістемелік жұмыс, оқытудың жаңа технологияларын әзірлеу және енгізу, педагогтердің, сондай-ақ тиісті бейіндегі мамандардың біліктілігін арттыру жүзеге асырылады.

48. Ұйымдар жаппай іс-шаралар өткізеді, балалардың, ата-аналардың немесе басқа да заңды өкілдердің бірлескен жұмысы мен демалысы үшін қажетті жағдайлар жасайды.

49. Ұйымдардағы педагогикалық қызметке жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білімі, техникалық және кәсіптік білімі немесе тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білімі бар адамдар жіберіледі.

Табиғи рельефте тау туризмі бойынша республикалық жарыс

2025 жылдың 5-11 мамыры аралығында Алматы облысы Таңбалы Тас шатқалында табиғи жартаста тау туризмінен республикалық жарыс өтті. Жарысқа Республикамыздың 8 өңірінен 26 команда қатысты. Батыс Қазақстан облысының құрама командасы 2 жас ерекшелігі бойынша бақтарын сынады.

«Байлам» қашықтығы бойынша жақсы нәтиже көрсеткендер:

Жәңгірханұлы Әмірхан/Ерғали Гульмира - 1 орын (жасөспірімдер тобы);

Оразалы Айару/Мендеш Балауса - 2 орын (балалар тобы);

Ишанов Ерасыл/Марат Нұрсауле - 3 орын (балалар тобы);

Қасымғали Бекбарыс/Серік Әлібек - 3 орын (жасөспірімдер тобы).

«Жартастар» қашықтығы бойынша:

Балалар тобы - 1 орын;

Жасөспірімдер тобы - 2 орын.

«Каньон өткелдері» қашықтығы бойынша:

Жасөспірімдер тобы — 1 орын;

ЖАЛПЫ КОМАНДАЛЫҚ ЕСЕП БОЙЫНША:

Батыс Қазақстан облысының құрама командасы:

Жасөспірімдер тобы — 1 орын;

Балалар тобы - 3 орынға ие болды.

ЖЕҢІС ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Жетекшілер: Неталиева Камшат Едрисовна және Темірболат Әди Мырзабекұлы



Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрлігі
«Республикалық қосымша білім
беру оқу-әдістемелік орталығы»
РМҚК

РГКП «Республиканский учебно-методический центр
дополнительного образования»
Министерства просвещения
Республики Казахстан

№5 ХАТТАМАДАН КӨШІРМЕ
2025 жылғы 26 мамыр
Астана қаласы

ВЫПИСКА ИЗ ПРОТОКОЛА №5
от 26 мая 2025 года
город Астана

Заседание
Республиканского учебно-методического совета
по изучению и обобщению педагогического опыта

ПОВЕСТКА ДНЯ

1) О проведении экспертизы авторских образовательных программ и учебно-методических материалов.



Решение:

1. Одобрить и рекомендовать к обобщению и распространению на республиканском уровне:

- опыт работы Л.Н. Калашниковой, педагога дополнительного образования Детской школы искусств Бурлинского района Западно-Казахстанской области по теме «Поурочные разработки по предмету «Декоративно - прикладное искусство»;
- опыт работы Н.Х. Гагауова, Г.А. Якименко, педагогов Областного центра детско-юношеского туризма и экологии Западно-Казахстанской области по теме «Детско-юношеское геологическое движение в туристско-краеведческой и экологической деятельности в системе дополнительного образования»;
- опыт работы А.С. Сальковой, педагога дополнительного образования Республиканского учебно-оздоровительного центра «Балдаурен» по теме «Шерстяная живопись»;
- опыт работы Е.А. Петренко, директора Регионального учебно-методического центра психологической поддержки и воспитательной работы Костанайской области по теме «Областной проект «Учдестік» по взаимодействию педагогов и родителей в организации образования Костанайской области»;
- опыт работы У.Ж. Камытбековой, директора Центра экологии, краеведения и туризма г. Шымкент по теме «Бәйлібек би ескерткіші бағытында экскурсия ұйымдастырып отірісу».

1.2. Разместить материалы обобщения опыта на сайте www.zivatker.org.

Председатель РУМС *С.А. Атажанова* Л. Атажанова



Құттықтаймыз!!!



**Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасының жалпы орта және қосымша
ұйымдарының білім алушылары арасында "Туған жерің туралы айта" қиындықтан өткен
Халықаралық өлкетанулық бейнероликтер байқауынан II орын алған жеңімпаз
ТӨРЕБЕК ЕРТӨРЕ,
жетекшісі Ф.С. Сарсенғалиев**

2024 жылы журнал аттестацияға жарамды басылымдар тізіміне енді!!!

Республикалық «Соқпақ-Тропинка» ғылыми-әдістемелік журналына 2025 жылға жазылуға шақырамыз!

Жазылу «Қазпошта» АҚ, «ҚазПресс» ЖШС және
редакция арқылы жыл бойына жүреді.

Журналда 20 жылдан бері Қазақстанның және шетелдік ғалымдар мен педагогтердің туризм, өлкетану, экология бағыттарындағы еңбектері республика көлемінде таратылып келеді.

Жазылу индексі: 75184, 25184 «Қазпошта» АҚ, «ҚазПресс» ЖШС;

Жазылу құны (6 айға/жылға): жеке-3000/6000 тг,
ведомстволық-3600/7200 тг; 1 данасы – 1000 тг;

Мұқабасы: түрлі-түсті, 64 бет, 2 айда бір рет шығады,
жылына шығатын саны - 6;

Тіркелу куәлігі: №4482-Ж (01.12.2003); № KZ40VPY00044511 (24.12.2021);

Журнал айдарлары: «Өзекті мәселелер», «Әдіснама», «Туризм»,
«Өлкетану», «Экология», «Геология», «Спорт», «Спорттық бағдарлау»,
«Педагогикалық іс-тәжірибе (сабақтар)»;


Талаптар: 5 беттен кем болмауы, 2 тілде аңдатпа (қазақ, орыс), кілт сөздері,
автордың және мақалаға қажетті JPG форматтағы фотолар, пайдаланылған
әдебиеттер тізімі, жазылу түбіртегі;

Таратушы/баспахана: «Батыс Қазақстан облысының әкімдігі білім
басқармасының балалар мен жасөспірімдер туризм және экология облыстық
орталығы» МКҚК;

Мекен-жайы: Орал қаласы, Исатай батыр көшесі, 71/1,

Тел/факс: (8-7112) 52-58-87; 52-59-42,

E-mail: evrasia_centre@mail.ru;



2024 году журнал вошел в список изданий для аттестации!!!

Подписываемся на Республиканский научно-методический журнал «Соқпақ-Тропинка» 2025 год!

Подписка на 2025 год через АО «Казпочта»,
ТОО «КазПресс» и редакцию в течение года

В журнале на протяжении 20 лет в республике публикуются труды ученых и педагогов Казахстана, ближнего и дальнего зарубежья в области туризма, краеведения, экологии.

Подписной индекс: 75184, 25184 АО «Казпочта», ТОО «КазПресс»;

Стоимость подписки (на полгода/на год): индивидуальная - 3000/6000 тг,
ведомственная - 3600/7200 тг; 1 шт-1000 тг;

Обложка: на цветной глянцевой бумаге, 64 страницы,
выходит раз в 2 месяца, количество выходов в год - 6;

Свидетельство о регистрации: №4482-Ж (01.12.2003);
№ KZ40VPY00044511 (24.12.2021);

Рубрики: туризм, краеведение, экология, педагогическая практика (занятия),
актуальные вопросы, геология, спорт, спортивное ориентирование;

Требования к статье: не менее 5 страниц, аннотация на 2-х языках
(казахский, русский), ключевые слова, фотографии для статьи и автора формата
JPG, квитанция о подписке;

Распространитель/типография: ГККП «Областной центр детско-
юношеского туризма и экологии управления образования акимата Западно-
Казахстанской области»;

Адрес: г. Уральск, ул. Исатай батыра, 71/1,

Тел/факс: (8-7112) 52-58-87; 52-59-42,

E-mail: evrasia_centre@mail.ru

